



**Жұмысшылар даярлау орталығына айналамыз**

2-бет

**Патриоттық тәрбие парасатқа бастайды**

4-бет

**«Құлагерді» сүріндірді**

8-бет

• МЕРЕЙ

## Ән падишасы – Арқада

КСРО Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Социалистік Еңбек Ері, қазақ ән өнерінің аңызына айналған Бибігүл Төлегенова биыл 95 жаста. Қазақ бұлбұлының мерейтойлық шаралары өңірлер арасында Қарағандыдан бастау алды. Бұл – Қарағанды үшін зор мәртебе. Кеншілер мәдениет сарайына аңыз адамның жүзін көріп, дауысын естуге асыққан жұрт залды лық толтырды. Тіпті, орын таппағандар тік тұрып тамашалады, сатыға да отыра кетті.



**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бибігүл Төлегенова облыс әкімімен бірге залға кіріп келгенде, халық орнынан тік тұрып қошемет көрсетті. Кеңес Одаған ғана емес, жаһан жұртын талантымен мойындатқан бұлбұлын Арқаның өнерсүйер халқы осылай қарсы алды.

Концертте ән өнерінің алтын сақалары сахнаға шықты. Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, опералық әннің Шолпан жұлдызы Толқын Забиров да арнайы келіп, Арқа жұртының алдында Бибігүл Төлегенова әулеткен әйгілі «Гуһартасты», Латиф Хамидидің «Бұлбұлын» Тәттімбет атындағы халық аспаптары академиялық оркестрінің сүйемелдеуімен шырқады. Толқын Забиров сахнада Бибігүл Төлегенованы мерейтойымен құттықтап, «ән өнеріндегі ұстазым, анам» деді.

► 8-бет

• СҮЙІНШІ!

## Дүйсен Қасейінов – ІСТМД елшісі

Веллингтон қаласында (Жаңа Зеландия) ІСТМД дәстүрлі музыка және би бойынша Халықаралық кеңестің 47-ші Дүниежүзілік конференциясының Бас Ассамблеясында ұйым басшылығы мен Атқарушы кеңестің сайлауы өтті.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жетпіс елден келген қатысушылар атқару кеңесі ұйымның басшылық құрылымына «ІСТМД елшісі» жаңа мәртебесін беруді ыстық ықыласпен қабылдады. Бұл құрметті мәртебе Кеңестің мақсаттарын айқындауға елеулі үлес қосқан және халықаралық аренада ІСТМД ұйымының ықпалын күшейтеу үшін болашағы зор жоспарларын ұсынған белгілі мәдениет және өнер қайраткерлеріне беріледі. «Аталған жоғары мәртебе иелері болып ІСТМД ұйымының 2013-2019 жылдардағы президенті, Лиссабон университетінің профессоры Сальва Каштелу-Бранку мен ТҮРКСОЙ Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының 2008-2022 жылдардағы Бас хатшысы, профессор Дүйсен Қасейінов танылды» деп хабарлады күйші, өнертанушы Қайрат Айтбаев.

ІСТМД ұйымының президенті Сванибор Петтан (Словения) мәртебелі атақтан үміткерлерді таныстыра келіп: «Д.Қасейіновтің жетекшілігімен ТҮРКСОЙ ұйымы бірқатар маңызды оқиғаларға қолдау көрсете отырып, ІСТМД-ның стратегиялық серіктесіне айналды. ІСТМД 43-ші Дүниежүзілік конференциясы, ISME 33-ші Дүниежүзілік конференциясы, дәстүрлі музыканың халықаралық



конференциялары, симпозиумдары мен фестивальдары сөзімізге дәлел бола алады.

Дүйсен Қасейіновтің халықаралық мәдени ынтымақтастықты дамытуға, ғылыми жобаларды қолдауға, түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтауға және оны әлемдік мәдени кеңістікте танытуға бағытталған сан қырлы қажырлы қызметі ІСТМД мақсаттары мен миссиясын ілгерілетуге елеулі үлес қосты», – деді. Дүйсен Қасейіновтың кандидатурасын Атқару кеңесі мен конференцияға қатысушылар бірауыздан қолдады. Дүйсен ағаның ІСТМД елшісі лауазымына сайлануы мәдениет пен өнер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға Қазақстанның және ТҮРКСОЙ ұйымына мүше басқа да елдердің рөлі маңызды екенін көрсетеді.

• ҰБТ – 2025

## Тестілеу басталды

Қаңтар айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу 10 ақпанға дейін жалғасады.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде 167 мыңға жуық адам ҰБТ-ға қатысуға өтініш берді. Олардың 76,7%-ы – қазақ тілін, 23,2%-ы – орыс тілін, 142 адам ағылшын тілін таңдаған.

Талапкерлер өтініш беру барысында тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдады. Тестілеудің бірінші күні еліміз бойынша 2277 адам, оның ішінде, елордада 155 талапкер ҰБТ тапсырады. Ең көп таңдалатын бейіндік пәндер комбинациясы бірнеше жыл қатарынан өзгеріссіз қалып отыр. Талапкерлердің 17,5%-ы – «Математика-Физика» комбинациясын таңдаған. Яғни, бұл – болашақ инженерлер, механиктер, мұғалімдер, техниктер мен технологтар, энергетиктер, құрылысшылар. Ал, 17,3%-ы – «Биология-Химия», 10,3%-ы – «Математика-Информатика» пәндерін таңдады, сойкесінше болашақ медицина қызметкерлері мен IT мамандары, – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

• ДЕНСАУЛЫҚ

## «Бақыт» қанша тұрады?

Статистика бойынша елдегі әр алтыншы отбасы бір перзентке зар болып жүр. Бұл ресми диагнозбен тіркелгендер ғана. Ал, тіркелмегеніне есеп жоқ. Өкінішке қарай, мұндай отбасылардың қатары жыл санап көбейіп келеді. Олардың жалғыз мүмкіндігі – «ЭКО-да». Жаратқаннан үміт үзгеннен емес, дені сау баланы көтеріп, дүниеге әкелу уақытының өтіп бара жатқандығынан осы қадамға барады.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізінде, медицинада отбасы құрғаннан кейін бір жыл ішінде жүктілік болмаса, ерлі-зайыптыларда бедеулік мәселесі бар деп саналады. Биыл облыс бойынша жасанды ұрықтандыруға 270 квота бөлінді, құжат қабылдау жүріп жатыр. Құжат дегенде, тапсыратыны – медицина мамандарының анықтамасы, талдаулар нәтижесі. Квота алғысы келетін отбасылық жұп облыстық клиникалық аурухананың отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығында құрылған арнайы комиссияға жүгінуі тиіс. Орталықтың репродуктолог маманы Татьяна Слободчикованың айтуынша, табиғи жүктіліктің пайда болуына кедергі келтіретін денсаулық кінәраты – процедуралар алуға басты себеп.

– Жатырдың, жатыр түтікшелерінің, аналық жұмыртқаның туа немесе жүре келе пайда болған аурулары, сондай-ақ, ер адамның денсаулығындағы патологиялары экстракорпоральды әдіске көрсет-



кіш. Бүгінде ел бойынша 11 өңірде 31 орталық бар. Квота алған ерлі-зайыптылар оның кез келгеніне жүгіне алады, – дейді маман. Қазақстанда жасанды ұрық-

тандыру арқылы дүниеге келген алғашқы баланың жасының өзі отызға жетіп қалды. Одан бері 40 мың сәби экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы жалғанның

жарығын көрді. Оның ішінде, түрлі бағдарламалар мен квоталардың есебінен 12 500 бала дүние есігін ашты.

– Әйелдің де, ер адамның да бедеулігін емдеуге арналған жаңа репродуктивті технологиялар бүгінде кеңінен қолданылып жатыр, – дейді Татьяна Слободчикова. – Мәселен, эмбриондар мен ооциттерді криоконсервілеу, донорлық жасушалар бағдарламасы, суррогат ана, онкофертильділік бағдарламалары бойынша жұмыстар нәтижелі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2021 жылы жүзеге асырыла бастаған «Аңсаған сәби» бағдарламасының арқасында экстракорпоральды ұрықтандыруға квота кезегі айтарлықтай азайды. Бүгінде квотаны үш-алты ай аралығында күтеді. Оны алу үшін тіркелген емханасында әйел адамдар бірқатар гормондарға талдау, іш құрылысына ультратрадыстық зерттеу жасатуы керек. Ал, ер адамдар да тиісті тест тапсыруы тиіс. Осылардың нәтижесіне қарап арнайы комиссия квота тағайындайды. Ол үшін арнайы көрсеткіштер бар. Барлық отбасына сәби сүю бақытын сыйлағымыз келгенімен, шын мәнінде, бала көтеруге және оны дүниеге әкелуге мүмкіндігі жоғары деген отбасылар таңдалады.

Өткен жылы 17 мыңнан астам репродуктивті процедуралар жасалыпты. Маманның айтуынша, экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламасының тиімділігі – 45%. Бағдарламаның нәтижесі бедеулік себептеріне, ерлі-зайыптылардың жасы мен жалпы денсаулығына байланысты. Яғни, ешкім 100 пайыз кепілдік бермейді.

Мейрамгүл Ахметова (аты-жаны өзгертілген) жасанды ұрықтандырудың көмегіне екі рет жүгінгенін айтады. Біріншісінде өздері қаражат жинап, барыпты. Кейін квотаға қол жеткізінті. – Тұрмыс құрған бес жыл ішінде талай дәрігерге бардым, тіпті, қазақы емге де жүгіндім. Ақыры болмаған соң жасанды ұрықтандыруды бір рет Алматыда, екіншісін Астананың клиникаларында жасаттым. Алайда, нәтижесіз. Сақталған бірнеше жасуша бар. Биыл солар арқылы тағы бір тәуекел етсем, – дейді ол. Бүгінде балалы болу бақыты 1 млн 200 мың мен 1 млн 700 мың теңге аралығында. Бұл бақытқа тегін де қол жеткізуге болады. Дәл осы шақта сол бақыт «үлестіріліп» жатыр. Миллион теңге тұратын процедуралар сәби иісін аңсағандар үшін тегін. Мемлекет жасаған мүмкіндік сеп болып, аңсаған арман орындалсын дейміз.

# Жұмысшылар даярлау орталығына айналамыз

Қарағанды – еліміздегі ең ірі өндіріс орталығы. Ендігі мақсат – Қарағанды облысын жұмысшы мамандарды даярлау орталығына айналдыру. Осы орайда аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жетекші колледждердің басшыларымен кездесу өткізіп, онда жұмысшы мамандықтардың имиджін арттыру, кадрлар даярлауды жетілдіру үшін не қажет екені талқыланды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда облыста тірек орындарын айқындай отырып, колледждерді кластерлеу басталып та кеткен. Сұранысқа ие мамандықтарды даярлау үшін білім мен өндіріс арасындағы байланыс нығайтылmaq.

– Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Біз үшін бұл – өте маңызды. Индустриалдық өңірімізде жаңа өндіріс орындары ашылып, жұмыс орындары құрылуда. Сіздерден үмітіміз зор! Жұмысшылар жетіспейді. Жергілікті мек-

теп түлектерін оқыту ғана емес, алдымызда колледждерге басқа облыстардан оқуға келушілердің санын арттыру міндеті тұр. Бұл үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға дайынбыз. Егер, біз тірек колледждерді тандасaq, оларды толық жарактандыру керек. Содан кейін оқудың сапасы мен жұмысқа орналастыруды талап ету қажет, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Дерекке сүйенсек, облыста 52 колледж 126 мамандық бойынша жұмысшы кадрлар даярлайды. Кадрларды бірлесіп даярлауға 300-ден астам орта және ірі кәсіпорын катысады.

Бүгінде «Жас маман» жобасы бойынша колледждер базасында заманауи жабдықтармен жабдықталған 14 қуыреттілік орталығы жұмыс істеп тұр. Биыл су шаруашылықтары бойынша Теміртау жоғары политехникалық колледжінде, өрт сөндіру-құтқару пәндері мен параметрияна бойынша Қарағанды жоғары политехникалық колледж базасында тағы екі жаңа қуыреттілік орталық ашу жоспарланып отыр.

Кездесу барысында материалдық-техникалық база, дуальды оқытуды дамыту және жатақханалардың жетіспеушілігіне қатысты проблемалық мәселелер де көтерілді.

Колледж басшылары өз оқу орындарының алдағы жоспарлары мен әлеуеті туралы айтып берді.

– Колледжіміздің атауына қарап, кейбіреулер бізді бірінғай ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайды деп ойлайды. Бірақ, олай емес. Бұл сала бойынша біз тек механизаторларды дайындаймыз. Сондай-ақ, дәнекерлеуші, механик және аспаздарды оқытамыз. Оқу орымыз Әлихан Бөкейхан ауданының Пришахтинск бөлігінде орналасқан. Бізде негізнен жергілікті балалар оқиды. Кәсіби бағдар беру жұмысы барысында «Туған жерге туынды тік!» сатымын негізге аламыз. Жергілікті өндіріске талдау жасап, Пришахтинск маңында кәсіпорындар біршама екенін байқадық. Қазір

олармен байланыс орната бастадық, енді келісімшарт жасаймыз, – дейді Қарағанды агротехникалық колледжінің директоры Мұбарак Хасенов.

Сонымен қатар, Саран қаласында оқушылар үшін дәнекерлеу ісі бойынша бейінді сыныптар да ашылмақ. Бұдан басқа, индустриалдық аймақтың дамуына байланысты бұған дейін дайындалмаған мамандарға да қажеттіліктің туындағанын атап айту керек.

– Жаңа кәсіпорындар салынып жатыр. Біз де заман талабына сай жаңа мамандықтар ашуға тырысамыз. Сағат индустриалдық аймағының кәсіпорындарымен тығыз байланыста жұмыс істейміз. «Полимерлік өндіріс технологиясы», «Тоңазытқыш компрессорлық машиналар мен қондырғыларды монтаждау және пайдалану», «Құбыр өндірісі» мамандықтарын ашуды жоспарлап отырмыз. Саран жастарының басқа өңірлерге бармауын, керісінше, бізге басқа қалалардан келуін қалаймыз, – деп бөлісті Саран техникалық колледжінің директоры Алина Есімханова.

Сонымен бірге, Ермағанбет Бөлекпаев тірек колледждер бойынша Жол картасын әзірлеуді мұқият тапсырды. Мемлекеттік тапсырысты дұрыс қалыптастыру үшін еңбек нарығының әлеуетін кешенді талдау қажеттігі де назардан тыс қалмады. Аймақ басшысы алдағы уақытта облыстағы колледж басшыларымен тұрақты түрде кездесу өткізіп тұрмақ ниетте.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

• ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

## Бюрократия бизнеске бөгет емес

Бүгінде Мәжіліс депутаттарының ел аралап, әр өңірдің проблемасын көзбен көріп, емен жүздесуі дәстүрге айналған. Әлбетте, жіті танысып қана қоймайды, олардың барлығы Мәжілісте қаралып, тиісті шаралар қабылданады. Бұл жолы өңірге жұмыс сапарымен келген Мәжіліс депутаты Олжас Құспанов Қарағандының өндіріс орындарында болып, кәсіпкерлермен кездесті.



Салтанат ІПІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдыңғы Республика депутатының депутаттары Qarmet металлургиялық комбинатында болды. Кәсіпорынның өндірістік қуатымен танысып, металлургия саласын дамыту және мемлекетпен өзара іс-қимыл мәселелерін талқылаған Олжас Құспанов Qarmet-тің өндірістік қуаты мен автоматтандыру деңгейінің жоғары екенін атап өтті.

Қазақстандық металлургияны дамыту бастамаларын қолдауға және одан әрі бірлесіп жұмыс істеуге сенім білдірді.

Сапар барысында Олжас Хайроллаұлы Республика партиясының Қарағанды облысындағы филиалының төрағасы Нұрлан Әубәкіровпен бірге «ГорКомТранс» компаниясының жұмысымен де танысты.

30 жылдан астам тұрмыстық қалдықтарды жинап, жоюмен айналысатын кәсіпорын күн сайын 340 тонна қоқыс шығарады. Одан бөлек, 500 тоннаға дейін тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратып, 300 000-нан астам тұрғынға және облыс орталығындағы 3500-ден астам компанияға қызмет көрсетеді. Ал, қала тазалығы үшін күн сайын елуден аса арнайы көлік қоқыс тазалауға шығады.

Олжас Құспановке компания басшылығы негізгі проблемаларын жеткізді. Ол – ескірген тарифтер. Айтуларына, 2019 жылы қабылданған есептеулер қызмет құнын жаппайды, салдарынан кәсіпорын шығынға жұмыс істеп келеді. Кәсіпорын «Есо Qolday» бағдарламасындағы шектеулер мен Экология министрлігінің талаптарына сәйкес, қайталама шикізатты қайта өңдеу бағдарламасына қатыса алмай отыр.

Бұл ретте Олжас Құспанов көтерілген мәселелерге жедел араласып, нақты шешімдер қабылдауды талап ететінін атап өтті.

– Кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеп, дамуына инвестиция салуға жағдай жасау – маңызды. Бұл қызмет сапасын ғана емес, еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін де қажет, – деп атап өтті депутат.

Жұмыс сапары аясында Олжас Құспанов және Республика партиясының өкілдері Teez маркетингісі мен Global City сауда-логистикалық орталығында да болды. Кездесу барысында депутат кәсіпкерлермен бірге электронды сауда саласындағы проблемаларды да талқылады.

Жалпы, электронды сауданы дамыту өткір тұрған мәселе. Айтар болсақ, бұған дейін Үкіметте онлайн-са-

уды жетілдіру талқыланған болатын. Яғни, бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық коммерция үлесін 2029 жылға қарай үш есеге, яғни, 18,5% -ға дейін ұлғайту міндеті қойылды.

Қарағанды да елдің ірі өндірістік-экономикалық орталығы ретінде электронды сауданы белсенді дамытуда. Онлайн саудада ел бойынша үшінші орынға шыққан Қарағандыны Астана мен Алматы ғана басып озып тұр. Бұл ретте Teez маркетингісі ерекше атаса да болады. Бүкіл тапсырысты небары бір-ақ күнде жеткізетін маркетингістің Қарағандыда 40 пункті ашылған.

Бизнес өкілдері де Teez маркетингісінің 2024 жылы сәтті іске қосылғанын және тиімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Дегенмен, проблема да жоқ емес. Айтарлық, e-commerce бизнесі тауарды шалғай өңірлерге жеткізуде қиындықтарға тап болады. – Қазақстандағы логистика бизнес үшін ең осал буындардың бірі болып қала береді. Дамыған инфрақұрылымның жоқтығы, қойманың жетіспеушілігі және тауарларды тасымалдаудың жоғары құны электронды сауда секторының өсуіне әжептәуір кедергі, – дейді Global City өкілдері.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер жергілікті өндіріс үшін қаржыландыру мәселесіне де назар аударды. Атап айтқанда, экспорттық шығандарды өтеу ережелеріндегі өзгерістер бірқатар компаниялар үшін мемлекеттік қолдау алу мүмкіндігін қиындатқан, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді.

Кәсіпкерлерді тыңдаған Олжас Құспанов елімізде электронды сауданы дамыту үшін шетелдік тәжірибеге ғана емес, отандық компаниялардың нақты қажеттіліктеріне де назар аудару отырып, бизнесті қолдау шараларын қайта қарау қажет екенін атап өтті. Ол логистика, инфрақұрылымды дамыту және экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды қолдау мәселелерін шешумен айналысатын жұмыс тобын құруды ұсынды.

– Біз табысты халықаралық тәжірибені қолданумен шектелмей, жергілікті кедергілерді жоюға да назар аударуымыз керек. Қазақстандағы электронды сауданың әлеуеті зор, бірақ, сапалы инфрақұрылым мен мемлекеттің қолдауының бұл мүмкіндікті жіберіп алуымыз мүмкін, – деді Олжас Хайроллаұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БРИФИНГ

## Берекелі жылдың биік белестері

Өңірлік коммуникациялық қызмет алаңында Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын журналистермен брифинг өткізіп, ауданның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен биылғы жоспарлары туралы әңгімеледі.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бұқар жырау ауданы – облысымыздың іргелі аудандарының бірі. Мұнда өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да, сонымен қатар, басқа да салалар үйлесімді даму үстінде, – деген Ерлан Бейсембайұлы одан әрі осы салалардың әрқайсына жеке-жеке тоқталды.

Атап айтқанда, жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 90,5 миллиард теңгені құрап, ол өткен жылғыдан 13,8 пайыз артық болған. Аудан аумағында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы орналасып, 3 көмір разрезі жұмыс істеп, осындағы ұқсату кәсіпорындары сыртқа 12,2 миллиард теңгенің өнімдерін экспорттаған.

Қазірде ауданда 3845 шағын және орта бизнес субъектілері тіркеліп, оларда 8 мыңнан аса адам кәсіп қылады. Бұлардың бөлшек тауар айналымының көлемі өткен жылы 9,6 миллиард теңгеге жетіп, былтырғы деңгейдің 132,5 пайызын құраған. Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында 2024 жылы 20 жобаны қаржыландыруға 1 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал, өз кәсібін ашықсы келген жастарға 16,5 миллион теңгенің 13 гранты берілген екен.

Жалпы аудан бойынша бизнестің 35 субъектісі ашылып, олар 125,4 миллион теңгенің саудасы мен қызметін жасап, 47 адамды жұмысқа қабылдаған. Өткен жылдың қорытындысында ауданда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 87,6 миллиард теңге болды.

Аудан әкімі Ерлан Құсайын осы жылы өздерінде дөңді дақылдардан рекордтық өнім алынғанын мақтана айтты. Яғни, оның егістігінің әр гектарына 15 центнерден өнім түсіп, 200 мың тоннадан артық астық жиналды, 47 мың тонна картоп, 5,6 мың тонна көкөніс теріліп алынған көрінеді.

Ауданның агроөнеркәсіп банкі кешенінде 2,5 миллиард теңге сомасына 8 жоба іске асырылып, 45 жұмыс орны құрылған. Қайта өңдеу



саласында да 410 миллион теңгенің 2 жобасы, Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде өсімдік шаруашылығында 2,5 пайызбен несиені беру есебінен 1,7 теңгенің суармалы жерлерді ұлғайтудың 3 жобасы жүзеге асырылды. Несиелендіру бағытындағы жұмыс жалғасып, биыл 10,5 миллиард теңгенің 6 жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Сол сияқты биыл агроөнеркәсіп кешенінде басқа да қаржы институттары арқылы тағы да 3 жобаны жүзеге асыру көзделіпті.

Бұқар жырау ауданында да «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыра бастаған уақыттан бері 800 миллион теңгенің 94 несие беріліп, 180 жаңа жұмыс орны құрылған.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарының тәжірибесін ескере отырып, әлеуметтік кооперативтер құрудың 9 жобасын іске асыру жоспарда бар. Мәселен, Үштөбе ауылында балаларға арналған 29 миллион теңгенің Ипотерания жобасын іске асыру барысында жылқылар сатып алынып, емдік тамақтануды ұйымдастыру мен ауруларды ипотерациямен емдеу үшін кешен салынбақ.

Өңірде қалыптасқан пайдаланылмай және игерілмей жатқан 26,6 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, бұл жұмыс одан әрі жалғасып жатыр.

Жайылымдық жерлердің ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы үшін «Жайлау» жобасы облыс бойынша 2023 жылдан бастап, пилотты түрде бірінші рет осында жүзеге асырылып, екі жыл ішінде 13 ауылдың жайылымдық жерлерінің инфрақұрылымын жасақтау мәселесі шешіліп, бұл мақсатқа аудандық бюджеттен 176,9 миллион теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылы аудан бойынша 30 миллиард теңге болып, 10 мың

шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Жеке үй саламын деушілерге қосымша 655 жер телімі беріліп, өткен жылы 1 миллиард теңгеден аса сомға жаңадан салынған 38 пәтер мен қайтарма нарықтан 16 пәтер сатып алынып, неше жыл кезекте тұрғандар мен әлеуметтік осал топтағы отбасыларына берілген. Осы соңғы санаптағы адамдар үшін тағы да 10 пәтер сатып алып, Ғабиден Мұстафин кентінде жалға берілетін 24 пәтердің құрылысы аяқталмақ.

Доскей ауылындағы бес қабатты екі үйдің 60 пәтері қалпына келтіріліп, енді осындай бір үйдегі 30 пәтер жаңғыртылады. Үштөбе ауылында тағы 4 пәтер жөнделеді. Сөйтіп, биыл аудан бойынша үй кезегінде тұрған 1001 адамның 170-інің баспана мәселесі шешілетін болады.

Ауданда 2024 жылы кентшілік 29,5 шақырым жолдарды жөндеуге 2 миллиард теңге жұмсалса, осы ағымдағы жылы 2,3 миллиард теңгеге тағы 56,6 шақырым жолдар жөнделмақ.

Сол сияқты «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 8 елдімекеннің 41,1 ішкі жолдары мен Ақжар, Ащысу, Төрткөл, Ғабиден Мұстафин ауылдарына кіреберіс 15,5 шақырым жолдарға да орташа жөндеу жасалынып, Нұра станциясы мен Үштөбе ауылындағы жайлы мектептерге баратын жолдар да жөнделіп бітеді.

Бүгінгі таңда ауданның 63 елдімекені немесе тұрғын халқының 99 пайызы орталықтандырылған ауысумен қамтамасыз етіліп отыр. Осы межені енді 100 пайызға жеткізіп, қалған 5 ауылды сапалы ауысумен қамту белгіленген.

теңгенің 19 жобасы жүзеге асқан. Атап айтқанда, 8 ауылдың 22,7 шақырым жолы жөнделіп, Ғабиден Мұстафин кентінде Денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріліп, Доскей ауылының су құбыры желілері жаңартылып, Үштөбе мен Доскей ауылдарында клуб құрылысы аяқталды.

Ал биыл 2,5 миллиард теңгенің 14 жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

Бұқар жырау ауданында «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде Доскей, Үштөбе ауылдары мен Нұра станциясында әрқайсысы 300 орындық 3 мектеп салынуда. Новостройка ауылына жаңа мектеп салынды. Гагарин ауылы мектебіне қосымша жаппарлас құрылыс жүргізілуде. Негізі, өткен жылы 367 миллион теңгеге 20 білім ошағы жөнделуден өткен.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 20 медициналық нысан салу жоспарланса, бүгінге дейін соның алтауының құрылысы тәмамдалған. Қалғаны биыл салынып бітпек.

Өткен жылы ауданда жаңадан 3 мәдениет нысаны бой көтеріп, 7 нысанға 100 миллион теңгенің күрделі жөндеуі жасалған. Алдағы уақытта Қушоқы кенті мен Самарканд ауылының клубтарына 52,8 миллион теңгенің жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Өткен жылы ауданның Орталық Центрально ауылындағы спорт залына күрделі жөндеу жасалып, Ботақарадағы орталық стадион ағымдағы жөндеуден өтті. Сонымен бірге Үштөбе мен Үміткер ауылдарында екі функционалды хоккей корттары және Төрткөл ауылы мен Қушоқы кентінде де шағын футбол алаңдары орнатылған.

Қарақұдық ауылы мен Ғабиден Мұстафин кентінде Денешынықтыру-сауықтыру кешендері салынып, ел игілігіне берілсе, ауданда «Арлан» спорт клубы құрылды.

Енді клубы «Самұрық-Қазына» қоры Баймырза мен Доскей ауылдарында, Қушоқы кентінде осындай спорт кешендерін салса, аудандық бюджет есебінен бірнеше елдімекенде спорт алаңдары орнатылмақ.

Міне, өткен жылғы бағындырған биіктері мен биылғы жоспарларын осылайша баяндап, саралаған Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын брифинг соңында журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФОРУМ

«Мұғалім қандай болса, мектебі сондай!»

Қарағандыда білім бөлімдерінің басшылары мен мектеп директорларына арналған «Заманауи басшы – білім берудегі өзгерістердің көшбасшысы» тақырыбында облыстық тұңғыш кәсіби форум өтті.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Форумға облыстың қала, аудандарынан 174 мектеп директоры, сондай-ақ, аудандардағы білім бөлімдерінің басшылары мен әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері, Астана мен Алматыдан арнайы шақырылған жетекші мамандар қатысты.

Білім саласы қызметкерлері екі күн бойы орта білім беру әдістемесін жетілдіру, оқыту мен тәрбие жұмыстарын үйлестіру, мектеп бюджетін қалыптастыру мен білім ордасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу секілді көптеген өзекті мәселелерді ортаға салды.

Форумда өңірдегі білім беруді жандандырудың өзекті мәселелері талқыланды. Мұғалімдер білім сапасын арттыруды қамтамасыз ететін тиімді басқарудың нақты құралдары мен әдістерін іздеді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім қандай болса, мектебі сондай болады» деген. Меніңше, басшысы қандай болса, мектебі сондай болмақ. Мектеп директоры мұғалімдердің аянабай еңбек етуіне, балалардың алаңсыз білім алуына жағдай жасайтын мықты менеджер болуы керек. Қа- рағандыда басталған «Заманауи басшы – білім берудегі өзгерістердің көшбасшысы» атты форум – облыс аумағындағы қала, аудан, ауыл мектептері басшыларының басын қосқан тұңғыш кәсіби форум, – деп атап өтті Әлібек Әлденей.

Форум орта білім беру менеджерлері үшін кәсіби кеңес алып, өзара тәжірибе алмасатын пайдалы алаңға айналды.

Мектеп басшысы – өз ісіне берілген адал және өзінен де, өзгенден де үздіксіз кәсіби шеберлікті жетілдіруді талап ететін әділ, сонымен қатар, білім ордасының бүгінгі мен ертеңі үшін әрекет ететін стратег болса, ол басқаратын мектеп гүлденаді, – деді Әлібек Үсенұлы.

Форум соңында PISA, пәндік олимпиадалар және мемлекеттік аттестациядан өту нәтижелері бойынша облыстағы білім беру ұйымдарының директорлары марапатталды. Атап айтсақ, 4 директор облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, 21 басшы Алғыс хатымен марапатталды.

Шәкәрім атындағы мектеп-гимназиясының педагогикалық ұжымы ерекше жетістікпен құтықтаймын. Бұл – педагогикалық жүйенің барлық қатысушыларының жемісті жұмысының лайықты нәтижесі, – деп атап өтті Шәкәрім атындағы мектеп-гимназияның директоры Аяғұл Нұрабайқызы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Бірегей жоба басымдықтары

Teez маркетплейсі бүгін жүктеп, қалаған затыңызды тапсырыспен ертең-ақ алыңыз. Бұл да Ozon, Kaspi, Wildberries, Flip.lz және тағы да басқа интернет магазиндері секілді. Бірақ, олардан артықшылығы – жеткізуде.

Қазіргі таңда Қазақстанның 27 қаласында маркетплейстің 116 қабылдау нүктесі жұмыс істеп тұр. Оның 11-і – Қарағандыда. Ал, Астана, Алматы қаласында арнайы кеңселері ашылды. Маркетплейстің жұмысымен табысу үшін қоймаға арнайы барып қайтты. Толығырақ таркатайық...

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жоба құны – 3 млрд тенге

Жалпы, маркетплейстің негізін қалаушы шетелдік кәсіпкер – Линар Хуснуллин. Бүгінде оның жобасы Ресей, Өзбекстан еліне қанатын кенге жайған. Былтыр ұлттық жоба шеңберінде екі тарап келісімге келіп, 3 млрд тенгеге жуық қаржы құйыпты.

Teez маркетплейсі кез келген платформадан жүктей аласыз. Бүгінде бағдарламаның 600 мыңнан астам қазақстандық жүктеп үлгерген. Күніне 35 мыңға жуық қазақстандық елдің түпкір-түпкірінен тапсырыс беруде. Қосымшаның басқа бағдарламалардан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Teez – өңірдегі бірегей жоба. Логистикалық тұрғыдан Қарағанды Қазақстанның кіндігі десек те болады. Қай жағынан қарасаңыз да тиімді. Жалпы меже бойынша елдегі қабылдау нүктелерінің санын 500-ге жеткізу. Бұл – келешектің еншісінде. Бірақ, алдағы бірнеше жылда олардың санын 300-ге апару. Әрине, бізге ел тұрғындарының пікірі маңызды. Егер тұрғындар «Бізге қабылдау нүктесі керек» десе ашып береміз. Біздің басқа бәсекелестерімізден артықшылығымыз – бір күнде жеткізіп беруімізде, – деді қойма логистикасының директоры Антон Иванов.

Қарағандыдағы негізгі нысанда 350 адам жұмыс істейді. Ал, жалпы, маркетплейс компаниясында 800 адам бар. Жоспарға сәйкес ел аумағына маркетплейстің қабылдау нүктелерін ашып, тағы сегіз мың адамды жұмыспен қамту көзделген.

Қазіргі уақытта тапсырыстарды жеткізу қызметінде сегіз көлік бар. Жыл соңына дейін тағы 11 көлік жолға шығады деп күтілуде. Одан бөлек, келісімшарт арқылы серіктестер де тартылған. Серіктестер арқылы да алыс-жақын елдімекендерге тауар жеткізіледі. Сонымен қатар, Астана, Алматы қаласынан бөлек, Батыс Қазақстан өңіріне де әуе компаниялары арқылы жеткізіп беру қызметі бар. Әуе компаниялары арқылы барған тауарды жергілікті жердегі менеджерлер сату нүктелеріне жеткізеді.

Қарағанды өңірі үздік үштікте

Жаңа бағдарлама жаңа жаңалығымен келді. Бағдарламаны жүктеп алғандар мен тапсырыс берушілердің қатары көбейген. Қойма логистикасы директорының сөзіне сүйенсек, осы аптада сатылған тауардың көрсеткіші өткен аптамен салыстырғанда 10%-ға артқан. Осы айда мереке күндеріне қарамастан қоймадағы жеті мың тауар сатылған. Ал, желтоқсан айында бұдан екі есе көп тауар өтіпті. Әрі Қарағанды облысы елімізде электронды сауда көлемі бойынша

III орынға көтерілген.

Аймақта электронды сауда айналымы қарқынды дамуда. 2023 жылдың қорытындысына сүйенсек, электронды сауда көлемі 302 млрд тенгеден асқан. Ал, 2024 жылы бұл көрсеткіш 42,5 млрд тенгеге өсті. Өңірде электронды қызмет саласында көптеген ірі компаниялар жұмыс істеуде. Электронды сауданы сатуға және алуға барлық жағдай жасалған. Инфрақұрылымның кеңінен қанат жаюына жергілікті атқарушы органдармен тиісті заң аясында мемлекеттік көмек көрсетілетін болады, – деді облыстық кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары Абзал Рахымбаев.

Тауарды қалай сатамын?

Ендігі көкейде қалған бір сұрақ бар. Мен тауарымды қалай маркетплейсте сата аламын?

Мәселен, сіз кәсіпкерсіз делік. Кеңсе тауарларын немесе басқа да шаруашылыққа қажетті дүниелерді сатасыз. Тауарыңызды Қазақстанның басқа өңіріне немесе алыс-жақын қала мен ауданға сатылымға шыға-



рып, табысыңызды арттырғаныңызды қалайсыз. Ал, басқа компаниялардың жеткізіп беру қызметіне немесе шартына көңіліңіз толмайды делік. Ал, Teez маркетплейсінде тауарыңызды саудалау біз ойлағаннан да жеңілрек екен. Бірақ, бір талап – тауардың сапасында.

Әуелі маркетплейс басшылығымен келісімшартқа отыруыңыз қажет. Содан кейін тауарыңызды сұрыпталды. Сіздің тараптан талап ететіні – сапалы тауар және тауардың сипаттамасы. Ал, тауардың сатылымға шығуы, тауарды суретке түсіру – маркетплейс мамандарының жауапкершілігіндегі іс. Қазіргі таңда қазақстандық 22 кәсіпкер осы интернет-бағдарлама арқылы тауарын сатуға қойған.

Біз қазақстандық кәсіпкерлер не сатады, соны сатамыз. Қытайдан немесе басқа да алыс-жақын шет елдерден алдырмаймыз. Қоймада не бар, сол сатылымға шығады. Ал,

тауарларды жеке кәсіпкерлер келісімшарт арқылы береді. Әр тауарды суретке түсіріп, мобилді қосымшаға өзіміз саламыз. Кәсіпкерлер тауарын жарнамалап, сыртын қаптап әуреленбейді. Тауарды бағдарламаға енгізіп, сатып алушының мекенжайына қаттап-шоттап апару – біздің міндет. Тіпті, Батыс Қазақстан өңіріне де ертең-ақ тапсырыс берген дүниенізді апарып бере аламыз. Біздің басқардан артықшылығымыз – осында, – деді Антон Иванов.

Барлық қызмет автоматтандырылған

Teez маркетплейсі арқылы келген тапсырыс автоматты түрде іріктеліп, қойма қызметкерлерінің қолындағы арнайы құрылғыға түседі. Ал, қойма қызметкерлері қоймадан тауарларды тауып, арнайы штрих-код жапсырады. Әрі қарай сұрыптаушы мамандарға жолдайды. Аз уақыт болса да, осы жұмысты мүдірмей істеп жүрген қойма қызметкері Бекзат Бикен бригадасымен тәулігіне мыңнан астам тауар жинайтынын айтады.

Бағдарламаның бір артықшылығы – басқа өңірлерге жеткізілетін тауарлар бірінші қатарға шығады. Өрқайсымыздың қолымызда арнайы құрылғы бар. Құрылғыға автоматты түрде тапсырыс түсіп, өрқайсымызға бөлінеді. Ал, біз бірден қоймадан тауып, компьютердегі мамандарға апарып береміз. Жұмыстың ешқандай қиындығы жоқ. Қоймадағы сөздер рет саныммен. Әрі әр тауар штрих-кодталған. Басып қалсаңыз, қайда тұрғаны көрсетіледі, – деді Бекзат Бикен.

Компьютер алдында отырған мамандарға тауар жеткен соң баратын аймағына қарай сұрыпталады. Қолындағы арнайы құрылғы арқылы штрихталған тауарды түртпін кеп, аймағын анықтайды. Орау аймағында қызмет көрсетушілердің бірі – Таир Улмесеков. Бұл жігіттің де осында жұмысқа тұрғанына көп бола қоймаған.

Тауар бағытын анықтап алған соң бірден орауға кірісеміз. Осындайда ептілігін сыналады екен. Қолымыздағы құрылғы қойма қызметкерлерінен бөлек. Бәрі автоматтандырылған. Тауардың бүтіндігіне көз жеткізіп барып орау қажет. Әрі тауардың бүлініп қалмауына көз жеткізіп барып, сөреге қоямыз. Сөредегі дайын тұрған тауарларды жүк көліктері тиіс алып кететін аймаққа келесі қызметкерлер жеткізіп береді, – деді Таир Улмесеков.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО

Өндірістен өлең өрбіткен кенші

Ернат Кемалов 2016 жылы «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған байыту фабрикасында еңбек жолын бастаған. Онан соң Абыз кен орнында, Құсмурын-Ақбастау кенішінде жемісті еңбек еткен. Қазір «Қазақмыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Хаджиконған қарьері геология бөлімінің тау-кен жұмысшысы.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда вахталық әдіспен еңбек етеміз. Өрісіміз өндіріс болғандықтан жұмыс барысы 24 сағат бойы тынымсыз жалғаса береді. Жеті күн күндізгі, қалған жеті күн түнгі ауысымға ұласады. Аталған жұмыс зор жауапкершілікті талап етеді. Өсіресе, техника қауіпсіздігін сақтау маңызды. Бір адам жасаған қателіктен барлығы бірдей зардап шегуі мүмкін, – дейді Ернат Сейтқазыұлы.

Иә, қателігі кешірілмейтін, тәртібі темірдей қатал өндіріс ошағында еңбек ету де есте оңай болмасы анық. Ернат алдымен отбасын алдыңғы орынға қояды. Үйлі-баранды болған соң бастабында лайықты жұмыс іздеп, ел қатарлы түрлі орындарда қызмет еткенімен, еңбегінің берекесін

осы өндіріс ошағынан тапқан. Осы арада Ернат нағыз еңбек адамның өмірімен бетпе-бет келеді. Жер астындағы кеншілердің жанкешті өмірі өзін азамат ретінде шыңдағанын бүкпесіз баяндады. Маңдай тері сорғалап, атамекеннің көкжиегін бір мысқалға болсын кеңітпек ниетте жүрген шахтерлердің ерен-ғайып қарекеті шынымен былайғы кісіні ерікті-еріксіз таңдай қақтырары хақ. Күнбе-күн адам көзіне іліге бермейтін қара нар қайсар жұмысты тақ тұрып атқарып жүрген кеншілер қауымына құрметпен қарап, быылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған Мемлекет басшысының бағдары көп жайдан ақпар береді. «Өмірімің мәнін өндірістен таптым». Елесең, еңбек адамы еленсін! Қай жерде де, кеншінің еңбегі лайықты бағасын алып,



жүрген-тұрғаны елге өнеге болса, кейінгі жастарымыз да еңбекке деген көзқарасын түзете түсеріне көміл сенім, – деп қосты Ернат Кемалов.

Ернат жұмыстан қолы қалт еткен шақта өлең жолдарын хатқа түсіретін игі әдеті бар екен. Шығармашылығыма ерекше ілтипатпен қарайтын әріптестерім мақтан ететін ол қазіргі уақытта бір қыз, қос ұлдың әкесі. Өндіріс өмірінде шыңдалып, өмірдің қатал сынақтарынан сүрінбей өткен Ернат Кемаловтың хикаясы – еңбек адамының шыдамдылығы мен қайсарлығының айқын бейнесі. Жер астында ел игілігі үшін аянабай тер төгетін кенші үшін жұмыс – тек күнделікті міндет қана емес, өмірлік мақсат пен арманның көрінісі. Өндіріс өзегіндегі қиындық пен қауіпке қарамастан, Ернат жүрегіндегі отбасына деген махаббаты мен туған жеріне деген сүйіспеншілігін жоғалтпады. Ол өз шығармашылығын еңбегімен ұштастырып, өлең жолдары арқылы өмірдің мәні мен маңызын жеткізді. Оның әрбір жазған

өлеңі – жүрегіннің дүрсілі, жан дүниесінің айнасы. Бүгін Ернат Кемалов – тек еңбек адамы ғана емес, сонымен қатар, өмірдің мәнін терең түсінген, шығармашылыққа жақын тұлға. Оның өмір жолы мен шығармашылығы келер ұрпаққа үлгі болары анық. Жасампаздық пен еңбекқорлықтың бірлігін көрсеткен бұл адам тағдыры – шынайы өмірдің өзі жазған әдеби шығарма іспетті.

Бекем бол кенші абайла, Өмірің қымбат талайға. Бастамас бұрын жұмысты, Қауіпсіз бе екен соны ойла!

Қағамын белге мен қазық: Тереңге түсіп кен қазып, Жоспарға жетпей тыным жоқ, Берем деп ойла елге азық! – деп жыр жазады Ернат. Еңбекпен ер сыйлы екендігін дәлелдеген Ернаттың табысты тағдыры әрдайым есте сақталып, болашақта да халыққа өнеге болмақ.

Сурет кейіпкердің мұрағатынан

● ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

# Патриоттық тәрбие парасатқа бастайды

«Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын мықты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні...».

## Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Қазір әлем жұртшылығы куә болып отырғандай, бүкіл дүние жүзінде күрделі әрі түрлі, қауіпті сын-кәтерлерге толы геосаяси хал-ахуал қалыптасып отыр. Небір келеңсіз жағдайлар, қантөгіс, ашкөздік, жемқорлық, гуманизмге негізделген адами асыл қасиеттер мен ізгілікке бастайтын рухани игіліктерден гөрі, материалдық игіліктерге не болу үшін жүргізіліп жатқан жанкешті әрекеттер – бәрі де адамзат қауымын ерекше алаңдатуда. Адамдардың, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдерінің, ертеңгі тағдыры қандай болмақ, бұл орайда елдің алдағы уақыттағы тағдырына не болып табылатын жастарға заманауи білім беру және елжандылық рухында тәрбие іс-шараларын жүргізу әр оқу орны үшін маңызды міндет болып отыр. Сәт сайын өзгеріп отырған, тың талаптар ұсынатын қазіргі уақыт білім мекемелеріне зор ұйымшылдық пен ғылыми, педагогтік мақсаттар жүктеуді.

Бірден ден қоятын бір жайтқа тоқталайық, ол – жас буын өкіліне бүгінгі күнде білім беру мен тәуелсіз еліміздің ұстаным, талабына сәйкес тәрбие беру – оның ертеңгі күні қандай адам болып шығатынына алғышарттар жасайтындығы. Егер асқан біліктілік пен білгірлік, терең ғылыми тұжырымдама мен әдістемелік шеберлікке негізделген кыруар еңбек нәтижесінде ертеңгі азаматты жан-жақты адами тұрғыдан қалыптастыра алсақ, жоғарыда айтылған келеңсіз жайттарға белгілі бір дәрежеде тосқауыл қоя алар едік, себебі, көп жерде орын алып отырған сол жағымсыз жайттардың дені адами ой-сана, білім, гуманизм тарапындағы олқылық пен жетімсіздіктен туындайтыны еш дау тудырмаймыз. Ал, бұл жайт өз кезегінде бүгінгі студент-ертеңгі мамандық дайындайтын ЖОО үлесіне қандай жауапкершілік жүктелетінін аңғартса керек.

«Bolashaq» академиясы өңірімізге, республикамызға, ТМД және шетелдердің біразына танымал, ЖОО қауымдастығында өзіндік беделді орны бар, әлемнің білім кеңістігінде және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман кадрларды даярлауда алдыңғы шептен көрініп келе жатқан оқу орындарының қатарында. Тағы да қайталап айтсақ, артық болмас. Әр кезеңнің ауқымында қандай елде болса да, белгілі бір дәрежеде қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттар мамандар мен мамандықтарға деген сұранысты туындатады. Оның үстіне сол әр елдің өзіндік сипаттарын, ұлттық қасиет, ерекшеліктерін де есепке алған жөн. Барлық ерекшеліктер мен айырмашылықтарды барынша ескере келсе де, елдің экономикасы, руханияты, ғылыми мен білімнің дамытылып, биіктететін, әлемдік қауымдастыққа өз арқауында болып отырғандай, бүкіл дүние жүзінде күрделі әрі түрлі, қауіпті сын-кәтерлерге толы геосаяси хал-ахуал қалыптасып отыр. Небір келеңсіз жағдайлар, қантөгіс, ашкөздік, жемқорлық, гуманизмге негізделген адами асыл қасиеттер мен ізгілікке бастайтын рухани игіліктерден гөрі, материалдық игіліктерге не болу үшін жүргізіліп жатқан жанкешті әрекеттер – бәрі де адамзат қауымын ерекше алаңдатуда. Адамдардың, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдерінің, ертеңгі тағдыры қандай болмақ, бұл орайда елдің алдағы уақыттағы тағдырына не болып табылатын жастарға заманауи білім беру және елжандылық рухында тәрбие іс-шараларын жүргізу әр оқу орны үшін маңызды міндет болып отыр. Сәт сайын өзгеріп отырған, тың талаптар ұсынатын қазіргі уақыт білім мекемелеріне зор ұйымшылдық пен ғылыми, педагогтік мақсаттар жүктеуді.

уымдастыққа өз жасампаздығы арқасында қосыла алатын жағдай үшін маман кадрды қаншалықты дәрежеде қажет ететіндігі барша жұртшылыққа мәлім. Ал, ондай мамандар даярлау үшін оқу үрдісіне әр мамандық үшін инновациялық технология қажет, ол міндетті түрде елжандылық сипаттарымен шебер ұштасуы қажет, сонымен қатар, бұрынғы дәстүрдің жаңа уақыт,

дың 23 мамырында ЖОО атауын «Bolashaq» академиясы ЖММ деп өзгертілді.

Академия осы уақытқа дейін Қазақстанның білім сапасы қамтамасыз ететін тәуелсіз аккредитация орталығының тарапынан үш рет институтоналды және мамандандырылған аккредитациядан өтті. Соңғы рет 2024 жылы желтоқсанда сотті өткендіктен, 12 білім бағдар-

дә өзекті баяндамалармен көзге түсуін айтар едік. Республикалық, облыстық деңгейде өткізіліп жатқан тіл саясаты, мәдениет, тарихи тұлғаларды халқымен қауыштыру, т.б. салалардағы іс-шараларға біздің ғалымдар белсене қатысып келеді. Республикалық, облыстық түрлі комиссияларда, сараптама орталықтарында (ономастика комиссиясы, ҚХА Қарағанды облыстық бөлімшесі, т.б.) мүше болуы, т.б. осы ойымызға дәлел. Академияның бай кітапханасының сұранысқа орай ғалым оқытушылардың еңбектерімен толығып отыруы – бәрі де өзара ұжымдас, бірлесіп қызмет атқаруға, моральдық-психологиялық, этикалық хал-ахуалдың дәстүр сабақтастығына айналуына даңғыл жол ашуда дегенді баса айтқан абзал. Төксанына бір рет шығатын «Заманауи әлемдегі проблемалар» халықаралық журналы, студенттік «Лимонад» журналды академияның ақпараттық сала жүйесінде танымал болуына, атқарылып жатқан түрлі игілікті іс-шаралардың өзара үйлестірушісі, ақпарат көзі ретінде жақсы қызмет атқаруда.

Оқу үрдісін елжандылықты қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен органикалық тірлікте, тығыз байланыста жүргізудің маңызы ерекше. Бұл мәселеге байланысты бірнеше жайтты айрықша атаған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмысы, ұтымды тәрбие жұмыстары, олармен тығыз, ажырама бірлікте болатын оқу үрдісін біртүтас, кешенді түрде жүргізу мақсатымен академияда құқықтану мәселелері, гуманитарлық сала бойынша зерттеу институттары, тарихи-танымдық және «Мирас», «Жауһар» ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен ғылыми-шығармашылық топтың еңбегі нәтижесінде тоталитарлық дәуірдің ең бір қасіретті тарихын зерттеген ҚарЛаг трагедиясы жайлы кітаптар сериясы, сондай-ақ, тұлғалық «Қазадастық Қазыбек би» (қазақ және орыс тілдерінде), «Бұқар жырау», «Сәкен Сейфуллин» тұлғалық энциклопедиялары жарыққа шықты. Академия ғалымдары Орталық Қазақстан өңіріндегі белгілі тұлғалар және рухани мұраларды түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосу үшін «Орталық Қазақстан өңіріндегі ақындары поэзиясының антологиясы» атты еңбектің, сондай-ақ, Шет, Нұра ауданының және Әбілқас Сағыновқа арналған энциклопедиялардың жарыққа шығуына белсене атсалысты.

Біздің академияның білім беруде көп бейімділігі бар, ғылыми, мәдени, әлеуметтік сипаттарды бойына сіңірген жан-жақты, ғылыми зерттеулер нәтижесін оқу үрдісіне енгізіп отыратын, оқу бағдарламалары талапқа сай, қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтармен серіктестік байланысы әрі ынымақтастық орната отырып, Орталық Қазақстан өңіріндегі жетекші жоғары оқу орнына айналуы мақсат еткен өз бастағы міндеттерін академияның басты миссиясы болып табылады. Күнделікті және басылыстағы, перспективаларға барып қатысуын, азаматтық қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен органикалық тірлікте, тығыз байланыста жүргізудің маңызы ерекше. Бұл мәселеге байланысты бірнеше жайтты айрықша атаған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмысы, ұтымды тәрбие жұмыстары, олармен тығыз, ажырама бірлікте болатын оқу үрдісін біртүтас, кешенді түрде жүргізу мақсатымен академияда құқықтану мәселелері, гуманитарлық сала бойынша зерттеу институттары, тарихи-танымдық және «Мирас», «Жауһар» ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен ғылыми-шығармашылық топтың еңбегі нәтижесінде тоталитарлық дәуірдің ең бір қасіретті тарихын зерттеген ҚарЛаг трагедиясы жайлы кітаптар сериясы, сондай-ақ, тұлғалық «Қазадастық Қазыбек би» (қазақ және орыс тілдерінде), «Бұқар жырау», «Сәкен Сейфуллин» тұлғалық энциклопедиялары жарыққа шықты. Академия ғалымдары Орталық Қазақстан өңіріндегі белгілі тұлғалар және рухани мұраларды түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосу үшін «Орталық Қазақстан өңіріндегі ақындары поэзиясының антологиясы» атты еңбектің, сондай-ақ, Шет, Нұра ауданының және Әбілқас Сағыновқа арналған энциклопедиялардың жарыққа шығуына белсене атсалысты.

Оқытушы, ғалымдар және белсенді студент, магистранттарымыз бен жас ғалымдарымыз халықаралық, республикалық, өңірлік ғылыми конференцияларда, түрлі дебат, байқау, конкурстарда жүлделі орындарға ие болып, дипломант, лауреат атанды. Егер білім беру ісін тәуелсіз мемлекеттің елжандылық принципімен органикалық бірлікте қарастырсақ, біздің ғалымдардың облыстық, республикалық, т.б. деңгейдегі іс-шараларға, конференцияларға барып қатысуын, азаматтық қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен органикалық тірлікте, тығыз байланыста жүргізудің маңызы ерекше. Бұл мәселеге байланысты бірнеше жайтты айрықша атаған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмысы, ұтымды тәрбие жұмыстары, олармен тығыз, ажырама бірлікте болатын оқу үрдісін біртүтас, кешенді түрде жүргізу мақсатымен академияда құқықтану мәселелері, гуманитарлық сала бойынша зерттеу институттары, тарихи-танымдық және «Мирас», «Жауһар» ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен ғылыми-шығармашылық топтың еңбегі нәтижесінде тоталитарлық дәуірдің ең бір қасіретті тарихын зерттеген ҚарЛаг трагедиясы жайлы кітаптар сериясы, сондай-ақ, тұлғалық «Қазадастық Қазыбек би» (қазақ және орыс тілдерінде), «Бұқар жырау», «Сәкен Сейфуллин» тұлғалық энциклопедиялары жарыққа шықты. Академия ғалымдары Орталық Қазақстан өңіріндегі белгілі тұлғалар және рухани мұраларды түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосу үшін «Орталық Қазақстан өңіріндегі ақындары поэзиясының антологиясы» атты еңбектің, сондай-ақ, Шет, Нұра ауданының және Әбілқас Сағыновқа арналған энциклопедиялардың жарыққа шығуына белсене атсалысты.

Біздің академияның білім беруде көп бейімділігі бар, ғылыми, мәдени, әлеуметтік сипаттарды бойына сіңірген жан-жақты, ғылыми зерттеулер нәтижесін оқу үрдісіне енгізіп отыратын, оқу бағдарламалары талапқа сай, қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтармен серіктестік байланысы әрі ынымақтастық орната отырып, Орталық Қазақстан өңіріндегі жетекші жоғары оқу орнына айналуы мақсат еткен өз бастағы міндеттерін академияның басты миссиясы болып табылады. Күнделікті және басылыстағы, перспективаларға барып қатысуын, азаматтық қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен органикалық тірлікте, тығыз байланыста жүргізудің маңызы ерекше. Бұл мәселеге байланысты бірнеше жайтты айрықша атаған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмысы, ұтымды тәрбие жұмыстары, олармен тығыз, ажырама бірлікте болатын оқу үрдісін біртүтас, кешенді түрде жүргізу мақсатымен академияда құқықтану мәселелері, гуманитарлық сала бойынша зерттеу институттары, тарихи-танымдық және «Мирас», «Жауһар» ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен ғылыми-шығармашылық топтың еңбегі нәтижесінде тоталитарлық дәуірдің ең бір қасіретті тарихын зерттеген ҚарЛаг трагедиясы жайлы кітаптар сериясы, сондай-ақ, тұлғалық «Қазадастық Қазыбек би» (қазақ және орыс тілдерінде), «Бұқар жырау», «Сәкен Сейфуллин» тұлғалық энциклопедиялары жарыққа шықты. Академия ғалымдары Орталық Қазақстан өңіріндегі белгілі тұлғалар және рухани мұраларды түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосу үшін «Орталық Қазақстан өңіріндегі ақындары поэзиясының антологиясы» атты еңбектің, сондай-ақ, Шет, Нұра ауданының және Әбілқас Сағыновқа арналған энциклопедиялардың жарыққа шығуына белсене атсалысты.



Коллектив жиналыс А.Ақмолданын

жаңа талапқа сәйкес сабақтастығы сақталуы керек. Бұл орайда академияның халықаралық білім сапасы стандартына кезең-кезең бойынша көшіп, республика мен Қарағанды облысының экономикасы мен әлеуметтік саласына сапалы, жоғары деңгейлі кадрлар әзірлеуде Орталық Қазақстандағы алдыңғы қатарлы, бәсекеге қабілетті, жетекші жоғары оқу орнына айналуы негізгі міндет етіп, сол бойынша жемісті жұмыстар атқарып жатқанын айтуды парызымыз деп білеміз.

1995 жылы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша Қарағанды мемлекеттік университетінің бөлімі Қарағанды «Болашақ» университетіне айналды, ал, 2015 жылдан бастап, академияға, 2019 жылдың 23 мамырынан «Bolashaq» академиясы жекеменшік мекемесі деп аталды. «Bolashaq» академиясы жекеменшік мекемесі – Қазақстанның алғашқы жекеменшік жоғары оқу орындарының бірі, Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша 1995 жылдан бастап, 2007 жылға дейін Қарағанды «Болашақ» өзекті білім беру институты, ал, 2007 жылдан 2015 жылға дейін Қарағанды «Болашақ» университеті деп аталып, 2019 жыл-

ламалары бойынша бес және жеті жылға ұзартылса, сол өткен жылы ҚР ҒЖБМ ғылыми және ғылыми-техникалық қызметі бойынша субъект ретінде бес жылға аккредитациядан өтті. Жыл сайын «Атамекеннің» ауқымды білім бағдарламаларына қатысып, академия жоғары орындарға не болуы: «Педагогика мен психология» бойынша 33-орыннан 6-шы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша 33-орыннан 5-ші, «Юриспруденция» бойынша 57-орыннан 35-орынға, «Шет тілі: екі шетел тілі» бойынша 37-орыннан 19-орынға не болды. 2024 жылы сондай-ақ академияның позициясы жақсара түскені анықталып, гуманитарлық-экономикалық жоғары оқу орындары арасында рейтингі бойынша 7-орынға не болды. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің дауы бойынша екінші орынға, шет тілі мұғалімдерін даярлау бойынша үшінші, юриспруденция бойынша алтыншы орынды иеленді. 2007 жылдан бастап, академияда сапа менеджменті енгізілген, сыртқы аудит бойынша жақсы нәтижеге жету – сапа нәтижесі. Қазіргі таңда он үш білім бағдарламасы бойынша бакалавриатта, бес білім бағдарламасы бойынша магистратурада оқыту жү-

келгенін көреміз. Сондықтан, олар үшін 205 орынға есептелген жатақхана бар, онда барлық жағдай жасалған. Жоғары білім беру (бакалавриат), ЖОО-дан кейінгі білім алу (магистратура) бойынша қазіргі талапқа сай болу дегеніміздің өзі білім саласын ұйымдастырудың, қалыптасқан озық тәжірибенің, жетекші әдіс-тәсілдер инновациясының таяу және алыс шетел ЖОО-дан қалайша жүзеге асуымен танысуға жатыр десек, академияның Ресей, Өзбекстан, Беларусь, Түркия, Қытай, Сербия, Уфа, Башқұрстан, Таулы Алтай, Моңғолия, т.б. мемлекеттердегі жоғары оқу орындарымен орнатылған тығыз байланысы, ынымақтастығы айқан орнықты.

Оқытушы, ғалымдар және белсенді студент, магистранттарымыз бен жас ғалымдарымыз халықаралық, республикалық, өңірлік ғылыми конференцияларда, түрлі дебат, байқау, конкурстарда жүлделі орындарға ие болып, дипломант, лауреат атанды. Егер білім беру ісін тәуелсіз мемлекеттің елжандылық принципімен органикалық бірлікте қарастырсақ, біздің ғалымдардың облыстық, республикалық, т.б. деңгейдегі іс-шараларға, конференцияларға барып қатысуын, азаматтық қалыптастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен органикалық тірлікте, тығыз байланыста жүргізудің маңызы ерекше. Бұл мәселеге байланысты бірнеше жайтты айрықша атаған жөн. Ғылыми-зерттеу жұмысы, ұтымды тәрбие жұмыстары, олармен тығыз, ажырама бірлікте болатын оқу үрдісін біртүтас, кешенді түрде жүргізу мақсатымен академияда құқықтану мәселелері, гуманитарлық сала бойынша зерттеу институттары, тарихи-танымдық және «Мирас», «Жауһар» ғылыми-зерттеу орталықтарына біріккен ғылыми-шығармашылық топтың еңбегі нәтижесінде тоталитарлық дәуірдің ең бір қасіретті тарихын зерттеген ҚарЛаг трагедиясы жайлы кітаптар сериясы, сондай-ақ, тұлғалық «Қазадастық Қазыбек би» (қазақ және орыс тілдерінде), «Бұқар жырау», «Сәкен Сейфуллин» тұлғалық энциклопедиялары жарыққа шықты. Академия ғалымдары Орталық Қазақстан өңіріндегі белгілі тұлғалар және рухани мұраларды түбегейлі зерттеп, ғылыми айналымға қосу үшін «Орталық Қазақстан өңіріндегі ақындары поэзиясының антологиясы» атты еңбектің, сондай-ақ, Шет, Нұра ауданының және Әбілқас Сағыновқа арналған энциклопедиялардың жарыққа шығуына белсене атсалысты.

лық жоспардағы атқарылып жатқан, жүзеге асуға тиісті жан-жақты іс-шаралар-бәрі де академияның осынау миссиясынан туындап, сонан бастау алып отырғанын баса айтқан жөн.

Ең басты мәселелердің бірі – академия түлектерінің жұмысқа орналасуы. Тұрақты мониторинг арқылы жасалған анықтамаға сүйенсек, біздің түлектеріміздің жұмысқа орналасуы 78,4% көрсеткіште тұр. Бұл – соңғы бес жылдағы орташа көрсеткіш.

2024 жылғы деректерге сүйеніп көрсек, тиісті органдар («Атамекен» ҰҚП, ЕХӘҚ министрлігі және еңбек ресурстарын дамыту орталығы) мәліметі бойынша 2024-2026 жылдары кадрларға деген қажеттілік, сұранысты байқаймыз. Осынау мәліметтер академия жұмысына, оның жаңа мамандықтарды ойластыруға, нақты сұраныс пен қажеттіліктің ішкі сырына қазіргі уақыт талабына сай үйілуге мүмкіндік береді. Жалпы, өңірдегі білім органдарымен тығыз байланыс жасау, Қазақстан, Қарағанды облысының жаңа кәсіптер Атласын үнемі назарда ұстау тактикалық және стратегиялық бағыттағы жұмысты тиімді түрде ұйымдастыруға алғышарттар жасайды. Өткен оқу жылының барысында болашақтағы кадрлық қамтамасыз ету ісі бойынша жаңа үш білім бағдарламасы бакалавриат бойынша әзірленді: «Педагогикалық коучинг және психология», «Шет тілін менгерген бастауыш сынып мұғалімі» және «Дефектология». Бұлардың бәрі де жұмыс беруші мекемемен тығыз байланыс орнатуға жол ашады. Академия кафедраларының жұмыспен қамтамасыз ететін мекемелерде филиалдарын ашу, жұмыс берушінің біздің оқу орнында сараптамалық, эксперттік кеңес мүшесі болып, кадрлар дайындауда артық мәселелерді бірлесіп талқылауы, т.б. жұмыс беруші-оқу орны-үкімет ұштағанының жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туындайды. Бұл бағыттағы жұмыстар үнемі басты назарымызда дер едік.

Ғылыми-педагогтік қызмет нақты сұранысты, алдағы уақытта туындауға тиіс қажеттілікті ескеруді керек етеді. Сондықтан, жұмыс берушімен тығыз байланыс жасау саналы кадрларды даярлау ісімен ұштасып жатса, қажетті теориялық және тәжірибелік сипат, қасиеттермен қарулану, нақты жағдайды ескере отырып, тиісті оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарды, монографияларды сұрыптап, жарыққа шығарумен де тығыз бірлікте қарастыратыны мәлім. Бұл орайда академиядағы «Болашақ-Баспа» редакциялық – баспа бөлімінен шыққан өнімдер өзмізде ғана емес, басқа оқу орындары тарапынан да үлкен сұранысқа ие болып жүргенін айтқымыз келеді.

**Мәуен ХАМЗИН,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

● БРИФИНГ

## Нұра нұрланып келеді

Өңірлік коммуникациялар қызметі Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқановпен «Нұра ауданының 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы» тақырыбында брифинг ұйымдастырды.

**Еркем БАЛТАШҰЛЫ,**  
«Ortalıq Qazaqstan»

Брифинг өткен жылы өңірде атқарылған жұмыстар жайлы Бақытжан Мұқановтың айтуына сәйкес басталды.

Аудан тарихында тұңғыш рет ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқайев Қарағанды облысына жұмыс сапары аясында өңірдегі астықты шаруашылық «Шахтер» ЖШС-да болып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, жұмысымен танысты. Ауданның Күрметті азаматы, меценат, «Шахтер» ЖШС-ның директоры Г.Прокоп Қазақстанның Еңбек Ері атағын иеленді. Бұл – нұралықтар үшін үлкен мәртебе.

Бақытжан Мұқанов өткен жыл ішінде аудан тұрғындарымен елуден астам кездесу өткізіп, оларға 1488 тұрғын қатысқан екен. Аталған жиындарда 287 сұрақ көтеріліп, оның 182-сі шешімін тапқан. Қалған 105 сауал бойынша жұмыс жалғасуда.

Жыл ішінде аудандық бюджетке салықтар мен төлемдердің түсімі

2 миллиард 869,9 миллион теңгені құрап, жоспар 113,3 пайызға орындалыпты.

Өнеркәсіп табысы 174 миллиард теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 4 пайызға артаң көрінеді. Жыл ішінде 15,4 миллион тонна көмір, 451 мың тонна кокс өндірілген. Ауданның негізгі өнеркәсіп кешені «Шұбаркөл көмір» АҚ өңір экономикасының 86 пайызын құрайды.

Есепті мерзімде Нұраға 30 миллиард теңгеге жуық инвестиция құйылған екен. Оның 92 пайыздан астамы – жеке инвестициялар. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына, құрылыс-монтаждау жұмыстарына, құрал-жабдықтар мен техника алуға жұмсалған инвестицияның қайтарымы үлкен.

Ауданның 1,6 мыңнан астам шағын һәм орта бизнес нысаны жыл ішінде 36 миллиард теңгенің өнімін шығарыпты. Өңір тұрғындарының 30 пайызы осы салада қызмет жасайды. Есепті мерзімде бөлшек сауда тауар айналымы 5 миллиард 512 миллион теңгені құраған. 277 жаңа жұмыс

орны ашылған екен. Былтыр агроөнеркәсіп өнімінің көлемі 68,2 миллиард теңгені құрады. Нұра – облыстағы ең ауқымды астықты өңір. 2024 жылы дәнді дақыл өнімі 290,8 мың, майлы дақылдар 6,5 мың, картоп 1 мың гектардан жиналды. Гектар берекесі 15 центнерге жетіп, 434,8 мың тонна астық бастырылды. Биылғы көктемде дала жұмыстары үшін камбаға 33,8 мың тонна тұқым құйылды. Картоптың түсімі гектарына 380, майлы дақылдардың өнімділігі 6 центнерден айналды.

Өңірде мал басы жыл өткен сайын артып келеді. Қазір Нұра өңірінде 60,3 мың бас жылқы, 80,4 мың бас қой-ешкі, 46,6 мың бас сиыр, 68,8 мың құс бар. Түліктің барлық түрі алдыңғы жылдан көп.

Былтыр 317 ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге 2 миллиард 991,6 миллион теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді. Оның ішінде, тұқым шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау, минералды тыңайтқыштар алу, мал тұқымдарын жақсарту, т.б. салалар бар. Көктемгі

егіс, күзгі жиын-терін жұмыстары үшін 70 шаруашылыққа 2 миллиард 113,8 миллион теңге несиелер берілді. Техника паркін жаңарту үшін агроөнеркәсіп қызметкерлері 59 ауыл шаруашылығы техникасын, 35 құрал-жабдық сатып алды. Негізгі капиталға тартылған инвестиция 3,1 миллиард теңгеге жетті. Құны 4,1 миллиард теңге тұратын 13 инвестициялық жоба іске асырылып, 48 жұмыс орны ашылды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 7 жеке кәсіпкерге және 1 өндірістік кооперативке 55,3 миллион теңге көлемінде жеңілдікпен несиелер берілген екен.

Нұрада агроөнеркәсіп саласының мамандарын даярлау жолға қойылған. Аудан орталығындағы Болат Әбілқасымов есімі иеленген көпсалалы колледж көлік жөндеуші, дәнекерлеуші, құрылысшы, аспазшы, кондитер сияқты ауыл үшін қажет мамандар даярлайды. Электрік, сыршы-сылақшы, т.б. оқытуға лицензия алу үшін жұмыс жасалуда. Колледжбен «Шахтер», «Пржевальское», «Қайнар» шаруашылықтары арасында жасалған меморандум негізінде өткен жылғы түлектердің тең жартысынан астамы ауылда қалып, жұмыспен қамтамасыз етілді.

Былтыр 5,1 миллиард теңгенің

құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 7,8 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Облыстық бюджеттен бөлінген 28,9 миллион теңгеге Нұра және Көбетеі елді мекендерінің тұрғын үйлеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартылды. Нұра кентіндегі қос қабатты тұрғын үйлерді инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарға қосу да шешімін тапқанды. Былтыр тұрғын үй кезегінде тұрғандарға 91 пәтердің кілті табыс етілген көрінеді.

Былтыр Ақмешіт және Изенді елді мекендерінің ауылшкілік жолдарын жөндеуге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 328 миллион теңге қаржы жұмсалыпты. Нұра – Қарой – Заречное автожолына, Нұра кенті, Жараспай мен Жанбөбек ауылдарының ішкі жолдарына ағымдағы жөнделу жүргізіліп, оған аудандық бюджеттен 88,6 миллион теңге бөлінді. Республикалық маңызды бар күре жолдың Нұра – Көбетеі бөлігіне орташа жөндеу басталып, былтыр 7 шақырымна асфальт төселсе, қалған 17 шақырымы биыл аяқталмақ екен.

Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету – ұлттық маңызы бар міндет. Нұрада бұл сала бойынша тындырылған жұмыстар баршылық. Өңірдегі 37 елді мекеннің 29-ы ор-

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Цифрландыру – стратегиялық үдеріс

**Өңірді цифрландыру – азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және экономиканың әртүрлі секторларының жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған стратегиялық үдеріс. Бұл қоғамның, экономиканың және басқарудың дамуында негізгі рөл атқарады. Цифрландыру саласында өңір тұрғындарына пайдасын беретін өткен жылғы жұмыстардың нәтижелерімен, сондай-ақ, биылға арналған жоспарлармен бөліскіміз келеді.**

Халықтың жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасауы үшін бірыңғай кеңістікке айналған «Senim109» бірыңғай үйлестіру орталығы өз жұмысын жалғастырып келеді. Жұмыс істеген уақытта орталыққа 900 мыңнан астам өтініш келіп түскен, оның ішінде, 2024 жылы 146 мыңнан астам өтініш тіркелген. Өтініштердің шамамен 77% операторлар тарапынан шұғыл түрде шешіліп, қалғандары мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық қызметтерге орындауға жолданған.

Шілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап, жол жүрісі ережелерінің бұзылуын тіркеуші «Жаяу жүргінші жолөтпесі» 22 аппараттық-бағдарламалық кешені пайдалануға берілді. Жедел жәрдем қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттыру үшін 80 жедел жәрдем көлігінде бейнекамералар орнатылды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша бізде 3 456 бейнебақылау камерасы және жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды тіркейтін 172 кешен орнатылған. Бұл жүйелер автоматты режимде белгіленген жол қозғалысы нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Өңірлік геоақпараттық портал жұмысын жалғастыруда, оның негізгі артықшылықтарының бірі – облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскелерін электрондық форматта беру рәсімін оңайлату болып табылады. Бұл жер учаскелеріне құқық беру бойынша қызмет көрсету мерзімін 60 күннен 30 жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Абай, Саран, Шахтинск, Приозерск және Қарқаралы қалалары үшін онлайн-форматта жер учаскелеріне құқықтарды сатып алуға электрондық өтініш беру процестері іске асырылған «Электрондық үкімет» порталымен ықпалдастыру аяқталды.

Qala жобасы коммуналдық қызметтер мен монополистерден қызметтерді қашықтықтан алуға көмек көрсетуді



жалғастыруда. Бүгінгі таңда қызметтер тек Қарағанды қаласының тұрғындарына ғана емес, Теміртау мен Балқаш қалаларының тұрғындары үшін де қолжетімді. Жалпы алғанда, электр энергиясы, жылу, газ тұтынушылары үшін шарттар жасау және техникалық шарттарды рәсімдеу бойынша 10 ірі монополист тарапынан 96 түрлі қызмет көрсетіледі.

Өңірдің инновациялық экосүйесін нығайтуға бағытталған «Терриконды алқап» аймақтық IT-хабы талантты жастар мен саланың кәсіби мамандарын біріктіретін IT және Digital бағыттарын дамыту орталығына айналды.

Өткен жылы IT-қоғамдастық өкілдеріне арналған 70-тен астам әртүрлі нетворкинг іс-шаралары мен бизнес-бағдарламалар ұйымдастырылды. Жаңа бастамалар арасында жоғары оқу орындары мен колледждерде берілетін дәрістер, сондай-ақ, ағылшын тілінде оқыту шаралары бар. Бұл іс-шараларға 1200-ден астам адам қатысты.

Хап негізінде ерте кезеңдегі жобаларға инвестиция салу үшін және са-

лалық серіктестерді жобаларға бірлесіп инвестиция салуға тарту үшін венчурлік қор құрылды. Акселерациялық бағдарлама аясында оқуды сәтті аяқтаған 8 стартап-жоба «Терриконды алқап» жасалған келісімшарт бойынша жалпы сомасы 16,8 млн. теңгеге грант, сондай-ақ 39,2 млн. теңгеге инвестициялар алды.

Солардың бірі – «Renda» жобасы. Бұл жалға берілетін тұрғын үйді сақтандыру қызметі, сонымен қатар, ол жалға алушылардың төлем қабілеттілігін тексеру мүмкіндігін ұсынады. Акселерациялық бағдарлама аясында команда қарқынды оқудан өтіп, менторлық қолдау алды. Нәтижесінде, жоба Алматы қаласында ауқымды жұмысты игеріп, Қазақстанның «Этажи» атты ең ірі жылжымайтын мүлік агенттігінің серіктесіне айналды.

Өңірде дамып жатқан стартап жобаларды қаржыландыру жергілікті экономиканы нығайтуға ықпал етіп, олардың өсуі мен дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ағымдағы жылы 4 Хакатон мен 6 бизнес-бағдарламаны қоса алғанда, 100-ден астам іс-шара өткізу жоспарлануда, онда перспективалы стартап-жобалар одан әрі дамыту үшін гранттар мен инвестициялар ала алады.

Интернет-қолжетімділік экономиканы, білім беруді және әлеуметтік қызметтерді дамыту үшін іргетасқа айнала отырып, цифрлық трансформацияны қамтамасыз етуде және халықтың өмір сүру сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында білім беру мекемелерінде интернет желісімен қамтамасыз ету үшін 106 мектеп «Старлинк» жоғары жылдамдықты спутниктік интернетке қосылды, осының есебінен 8 мыңға жуық бала білім беру ресурстарына сапалы қол жеткізді. Алайда, бұл шешім уақытша екенін атап өткен жөн. Жердегі байланыс желілерін дамыту барысында біз мектеп-

терді талшыққа ауыстыруды жоспарлап отырмыз, өйткені ол үлкен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Өткен оқу жылында талшықты-оптикалық байланыс 106 мектептің 4-4 жүзеге асырылды. Тіісінше, аталған «Старлинк» кешенінің 4 жиынтығы қайта бөлінді.

Өткен жылы Ақтоғай ауданының 3 елдімекені (Қуаныш ауылы, Үшарал ауылы, Жалаңаш ауылы) «Билайн» кең жолақты мобильді интернетіне қосылды. Осылайша, бұл елдімекендер кең жолақты интернеттің төртінші буынына қол жеткізді.

Сондай-ақ, 2024 жылы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында Қарағанды қаласында 5G жүйесінің 39 базалық станциясы орнатылды. Бүгінгі таңда қала тұрғындары мобильді кең жолақты интернеттің 5-ші буынына қол жеткізе алады. Биыл тағы 5G жүйесінің 45 базалық станциясын орнату жоспарланып отыр.

Жалпы, ағымдағы жылы халықты байланыспен және интернетпен қамтамасыз ету саласында үлкен жұмыс жүргізілетін болады. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыру жалғастырылмақ. Жыл соңына дейін облыстың 42 ауылдық елдімекенінде талшықты-оптикалық байланыс желілері салынатын болады. 2027 жылға дейін облыстың 168 ауылдық елдімекені интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады.

Цифрландыру бағытындағы жұмыс жалғастырылууда. Бұл бастамалар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, болашақта өңірдің тұрақты дамуы үшін негіз қалыптастырады.

**Константин ИЛЬНИЦКИЙ,**  
**Қарағанды облыстық аппаратының,**  
**мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы**

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Құрылыс қарқынын жоғалтпайды

**Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы – «Құрылыс жұмыстарының көлемі» және «Тұрғын үйді енгізу» көрсеткіштерінің орындалуына жауапты орган. Айтар болсақ, облыс бойынша 2024 жылға арналған тұрғын үйді енгізу жоспары 500 мың шаршы метрді құрады. Ал, жалпы енгізілген тұрғын үй алаңы – 540,326 мың шаршы метр. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға артық. Осылайша, 500 тұрғын үй ғимараты пайдалануға берілді десек, оның 393-і – жеке тұрғын үй.**

2024 жылдың қорытындысы бойынша басқарма 33 әлеуметтік маңызы бар нысанды пайдалануға берді. Нақтыласақ, облыстық балалар клиникалық ауруханасы ғимараты пәтер ретінде пайдалануға беріліп, 94 жас маманға қызметтік тұрғын үй бөлінді. Ал, Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігінде «Қәусар» шығармашылық дамыту орталығы ашылды. Одан бөлек, Қарағанды қаласы, Күнгей шағын ауданында және Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында 2 мектеп, Қарағанды қаласы, Колодзая көшесі, 9 мекенжайындағы бұрынғы ҚТЛ қыздар мектебіне қосымша құрылыс салынды және Шет ауданы, Ақадыр ауылындағы Ә.Ермеков атындағы мектеп пайдалануға берілді.



Индустрия және құрылыс министрлігі әлеуметтік тұрғыдан осал топтар үшін дайын тұрғын үй сатып алу арқылы арендалық тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа механизмін әзірледі. Өткен жылдан арендалық тұрғын үй жеке құрылыс компанияларынан сатып алынады.

2024 жылы бөлінген 16,4 млрд теңге қаражаты есебінен 1097 пәтер сатып алу жоспарланды десек, жеке құрылысшылардан 1100 арендалық пәтер сатып алынды. Олар әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы отбасыларға беріледі.

Жалпы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша 1541 пәтер пайдалануға берілді, оның 228-і – арендалық тұрғын үй, 1100-і – жеке құрылыс компаниялардан сатып алынды, ал, 153 пәтер – кредиттік тұрғын үй – 153 пәтер.

2025 жылға арналған жоспар да ауқымды. Айтар болсақ, биылғы қыркүйекте Балқаш қаласы қалалық ауруханасының операциялық блогына қосымша құрылыс пен ангиографиялық құрылыс орнату аяқталады.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын жалғастыру аясында жыл соңына дейін 67 ауылдық денсаулық сақтау нысанын іске қосу жоспарда бар.

Биыл Талды ауылында апаттық мектеп орнына жанасу салынып, пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, білім беру мекемелерін жаңғырту мақсатында Қарағанды қаласы, Бұқар жырау ауданының

Гагарин ауылы, Шет ауданының Ақадыр ауылы үшін 4 қосымша құрылыс, Нұра ауданының Шұбаркөл ауылында спорт залы және Осакаров ауданының Ақбұлақ ауылында бір мектептің қайта жаңартылуы аяқталады.

Ал, Қарағанды қаласының Үлкен Михайловка бөлігінде 300 орындық мектеп пен 320 орындық балалар бақшасын салу, сондай-ақ, Майқұдықта, Бирюзов және Магнитогорск көшелерінің қиылысында шығармашылық дамыту орталығының құрылысы, Саран қаласындағы Абай атындағы №4 мектеп ғимаратына жылы өткел салу жоспарланған.

Сонымен қатар, биыл Қарағанды қаласында келесі жобаларды іске асыру көзделуде. Қарағанды облыстық балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына қосымша ғимарат (монша, спорт залы, бассейн) салу, Ерубасов көшесіндегі әкімшілік ғимараттар мен Қарағанды қаласының мемлекеттік архив ғимаратын қайта жаңарту жоспарда бар.

2023-2025 жылдар аралығында «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында облыста 12 500 орынға арналған 18 мектеп салынады. Жоба операторы – «Самұрық-Қазына Construction» акционерлік қоғамы. Құрылысы 2024 жылы басталған Қарағанды қаласындағы 3 мектеп (Кендала ықшам ауданы – 2000 орын, Көгілдір тоғандар ықшам ауданы – 1200 орын, Гүлдер ықшам ауданы – 300 орын) құрылысын аяқтау жоспарланған.

Биыл Қарағанды қаласындағы «Тау-Ауыл» ықшам ауданында 1500 орындық мектеп, Бұқар жырау ауданында 3000 орындық 3 мектеп, Шет ауданында 2 мектеп (300 орын), Балқаш қаласында 1200 орындық 1 мектеп құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығы бойынша Абай ауданының Көксу ауылында ветеринариялық пунктті аяқтау жоспарланған.

Басқарманың ресми интернет-парағы GOV.KZ мемлекеттік органдардың бірыңғай сайтында бар. Сондай-ақ, Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде парақшасы бар, азаматтардың кез келген сұрақтармен осы парақшаларға жүгінуіне болады.

Одан бөлек, облыс тұрғындары E-Otinish жүйесі арқылы да сұрақтарын жолдай алады. Басқарма мамандары барлық сұрақтарға жауап беруге дайын.

**Саян МҰРАТҰЛЫ,**  
**Қарағанды облыстық құрылыс,**  
**сәулет және қала құрылысы**  
**басқармасы**  
**басшысының міндетін атқарушы**

# Сегіз отбасыға тауарлық несие



**Облыста «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру жұмысы сәтті жалғасып жатыр. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданында алты шаруа қожалығы сегіз отбасына 27 ірі қара малға тауарлық несие берді. Аталған жоба ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру үшін іске қосылған.**



Тауарлық несие беру барысында ауыл тұрғындарына ірі қара немесе ұсақ мал беріледі. Бес жыл ішінде үш төлдің екеуін қарыз алушылар несие берушіге беруге міндеттеледі. Мысалы, бір сиырдың бес жыл ішінде ауыл тұрғыны үш бұзауды несие түрінде қайтаруы керек. Осы шарт орындалғаннан кейін және бес жыл өткеннен кейін тауарлық қарыз өтеледі.

Тауарлық несиелендірудің артықшылығы – өз шаруашылығын айтарлықтай бастапқы салымдарсыз дамыту мүмкіндігі. Бес жыл ішінде отбасылар сүт сатудан да табыс табады. Бұл олардың қаржылық жағдайын жақсартуға ықпал етпек. Несені қайтару ақша қаражатымен емес, төлмен – бұзаулармен жүзеге асырылады. Бұл қарыз алушыларға қаржы қысымын сезінбеуге және бір мезгілде өз шаруашылықтарын да дамытуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Бұқар жырау ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев.

Кәсіпкерлер де тауарлық несені енгізу өзара тиімді шешім болғанын, бұл бастаманың ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға көмектесетінін айтады.

– Табысы төмен отбасылардың бәрі мал сатып алып, үй шаруашылығын

жүргізе алмайды. Екі отбасына жеті ірі қара бөлі. Мен ол екі отбасын да жақсы білемін. Олардың өз тұрмыс деңгейін көтеруге ұмтылғанын қалаймын. Сауын сиырлар бердік. Ауыл тұрғындары олардан сүт алып, май, қаймақ жинап, сатуына болады. Бес жылдан кейін сиырлардың өзі де осы отбасыларда қалады. Маған барлығы төрт бұзау қайтарылады, – дейді «Үлкен» ШҚ басшысы Григорий Шарков.

Тауарлық несие әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылар үшін өте маңызды. Тауарлық несие алғандардың бірі – Ақжар ауылының тұрғыны Руслан Башаев көпбалалы әке.

– Отбасым үлкен, балалардың болашағы туралы көп ойлаймын. Маған тауарлық несие беру бағдарламасына қатысу ұсынылғанда бірден келістім. «Арлан» шаруа қожалығының басшысы отбасыма үш сиыр бөлі. Несие беру шарттары қолайлы және тиімді, – дейді Руслан Башаев.

Бұқар жырау ауданы тауарлық несиелендіру іске қосылған бірінші аудан екен атап өткен жөн. Бағдарламаны іске асыру алдағы уақытта да жалғаспақ.

**Өз тілшімізден**

Суретті түсірген **Данияр ТОРЖАНОВ**

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Жоспар – нақты, мақсат – айқын

Облыстағы жалпы жол ұзындығы – 9 332 шақырым. Оның 1 825 шақырымы – республикалық, 2 566 шақырымы – облыстық, 2 212 шақырымы – аудандық маңызы бар жолдар. Елдімекендер ішіндегі жолдардың жалпы ұзындығы – 2 729 шақырымды құрайды. Биыл 1 032 шақырым автомобиль жолы жөндемек. Оның ішінде, 461 шақырымы – республикалық, 178 шақырымы – облыстық маңызы бар жолдар. Ал, 393 шақырымы – қалалар мен ауданаралық жол.

Республикалық маңызы бар автожолдарға тоқталсақ, «Қарағанды-Балқаш» автожолын қайта құру жұмыстары аяқталды. Бүгінде 363 шақырым жолға асфальтбетонның үстінгі қабаты толық төселді. Биыл 5 желтоқсанда автожол ресми ашылды. Сонымен қатар, «Балқаш-Буырлыбайтал» автожолының екі учаскесі, ұзындығы 91 шақырымдық жолдың құрылысы аяқталды. Үшінші учаскенің ұзындығы – 50 шақырым. Оның 17 шақырымына, яғни, Тасаралдан Сарышағанға дейінгі аралыққа асфальттың үстінгі қабаты төселді.

Соңғы үш жылда «Қарағанды-Қарқаралы» автожолының 115 шақырым учаскесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қалған 85 шақырым жолды жөндеу жобасы келесі жылға жоспарланып отыр. Нәтижесінде Қарағандыдан Қарқаралыға дейінгі жалпы ұзындығы 200 шақырым автожол толық жөнделеді.

«Қарағанды-Павлодар» автожолының 27 шақырымы, Молодежный кенті маңында, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қарағандыдан шығар маңда осы жолдың 2,5 шақырымына орташа жөндеу басталды. Жалпы жоспарланған 30 шақырым жөндеу жұмысы 2025 жылға жоспарланса, 103 шақырым автожолдың орташа жөндеу жұмысы басталды.

«Астана-Нұра-Теміртау» жолының 7 шақырымы қайта өңделіп, асфальт жапылғысы төселді. Жұмыстар 2025 жылы жалғасадy. Ал, облыстық маңызы бар 178 шақырым автожол жөндеуден өтті.

«Осакаровка-Молодежный» автожолының 16 шақырымы, «Нұра-Осакаровка» автожолының 20 шақырымы реконструкциядан өтті.

Абай ауданында «Жартас-Долинка» автожолының 21 шақырымын реконструкциялау жалғасуда.

«Саран-Шахтинск» автожолының 19 шақырымы күрделі жөндеуде. Шахан ауылынан Тентек шахтасына дейінгі 15 шақырым учаскеде негізі орнатылып, асфальттың төменгі қабаты төселді. Былға жоспарланған жұмыстар аяқталды, жоба 2025 жылы жалғасадy.

«Үштөбе-Құрылыс» автожолының 9 шақырымын реконструкциялау жүргізілуде. Жоба 2025 жылы толық аяқталады.

Сонымен қатар, екі көпірдің реконструкциясы жүргізілуде. Жеті бағаннан тұратын бірінші көпір «Теміртау-Токаровка» автожолында Нұра өзені арқылы өтеді. 4 баған толық орнатылып, 2 пролеттық

құрылыс салынды. Екі тіреудің астында ұңғымалық тіреуден тұратын негізі орнатылған. Ал, тағы бір бағанда арқалық орнату үшін жетекші бұрғылау жұмыстары жүргізілуде.

«Саран-Шахтинск» автожолында Шерубай-Нұра өзені арқылы өтетін екінші көпірді жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Ағымдағы жылы «Сәкен Сейфуллин-Өспен-Ақадыр» автожолының 26 шақырымы және «Ақсу-Аюлы-Ақтоғай» автожолының 57 шақырымы орташа жөндеді. Ал, «Қарқаралы-Қоянды» автожолының 29 шақырымын орташа жөндеу аяқталды. Жаңа жобалар бойынша Дубовка ауылынан Саран қаласына дейінгі облыстық маңызы бар автожолдың 0-6 шақырымын және «Шахан-Жаңаталап» автожолының 12-17 шақырымын реконструкциялауды жобалық құжаттамасы әзірленді. Жобаларды жүзеге асыру 2025 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ, «Қарағанды-Шахтинск» автожолындағы екі көпірді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттаманың әзірленуі жалғасуда.

Облыс орталығында құрылыс және жөндеу жұмыстары 128,5 шақырым аумақты қамтыды. Қазір К.Дүйсебеков көшесі мен Б.Момышұлы көшесі арасындағы аралық көшелердің құрылыс жобасы және Е.Бөкетов көшесінің жолын салу жұмыстары жүргізілуде. Ғарышкерлер көшесінің реконструкциясы, Пичугин және Ческая көшелерінде күрделі жөндеу жалғасуда. Бүгінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген жолдың ұзындығы 115 шақырымға жетті.

Ағымдағы жылы жаңа жобалар бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Мұқанов көшесінен Тәттімбет көшесіне дейінгі учаскеде автомобиль жолын салу құны – 9 млрд, Университет көшесінен Гагеев көшесіне дейінгі учаскеде автомобиль жолын салу – 4,1 млрд, Приканальная көшесінде автомобиль жолын салу – 4,2 млрд теңге. Күнгей мөлтек ауданында магистральды автожолдарды салу жобасы мемлекеттік сараптамадан өтуде. Жүзеге асыруды бастау 2025 жылға жоспарланған.

Облыс аумағындағы ауылдық елдімекендердегі ішкі жолдар бойынша «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы жүзеге асырылуда. Бұл арнайы жоба ауыл тұрғындарының оң пікірін алып, даму әлеуеті бар елдімекендерде іске асырылуда.

2023 жылғы 23 қазаннан бастап, КМА



ЖК РК төрағасының 2023 жылғы 23 қазандағы №108 бұйрығымен бекітілген «Сапа орталығы мен жергілікті атқарушы органдардың өзара әрекеттесу регламенті» (п.3.1.26) бойынша, ЖАСҮО-ның ескертулері бар объектілер қабылданбайды. Барлық өткізілген сынақтар мен анықталған ақаулар сапа орталығында KazRoadLab порталында тіркеледі. Қабылданған сынамалардың қолданыстағы нормативтерге сәйкессіздігі анықталған жағдайда, мердігер ұйымдар ақаулы учаскелерді қайта өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Қажет болса, жабындыны қайта құрып, материалдарды ауыстырады. Автожол жобаларында сапа бақылауын техникалық бақылау мамандары жүргізеді. Жергілікті атқарушы органдар үнемі техникалық бақылау жұмысын мониторинг жүргізеді. Ағымдағы жылы техникалық бақылауды жүргізу және жұмыстарды орындау кезінде бұзушылықтар үшін Қарағанды облысы бойынша СКББ үш ұйымға айыппұл салды. Көлік министрлігі мен жол институттары саланы цифрландыру жұмыстарын жүргізуде.

Барлық қолданыстағы жүйелерді біртұтас ақпараттық жүйеге, Е-Жолдары платформасына біріктіріп жоспарлануда. Платформаны енгізу 2025 жылдың соңына дейін жүзеге асырылмақ. Сонымен қатар, Көлік министрлігінің тапсырмасы бойынша Қазақстандық жол ғылыми-зерттеу институты Біріккен жол-құрылыс материалдары базасын (RCM Base) құрды. Электрондық алаңда қарьерлер, зауыттар және жаңа материалдар туралы ақпарат жинақталған.

2024 жылдың 10 айында көлік қызметтерінің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10% артып, 339,6 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындысы бойынша өсім 6,1%-дан кем болмайды деп күтілуде.

Қоғамдық көлікті әрі қарай дамыту үшін бірқатар шаралар жүргізілуде. Өткен жылы автобус паркі айтарлықтай жаңар-

тылды. Тасымалдаушылар 195 жаңа автобус сатып алды. Биыл Теміртау қаласында – 23, Балқаш қаласында – 22 және Абай ауданында 8 жаңа автобус сатып алынды. Барлық автобустар отандық өндірісушілер QazTehna, Daewoo Bus Kazakhstan (Теміртау) компанияларынан алынған және жоллаушыларға қызмет көрсету сапасы бойынша талаптарға сай, мүмкіндігі шектеулі адамдарды тасымалдауға арналған арнайы мүмкіндіктермен жабдықталған.

Қыркүйек айында «Қарағанды-Теміртау» №100 бағытында 4 жаңа автобус іске қосылды, бұл бағыттағы көлік құралдарының жұмысын жаңартты (барлығы 8 автобус). Жолаушылар тасымалдарын цифрландыру жұмыстары жалғасуда. 2024 жылдың мамыр айында «ONAY!» электронды билеттеу жүйесі Теміртау қаласының маршруттарында енгізілді. Саран, Балқаш қалаларында және қала маңындағы маршруттарда электронды билеттеу жүйесі былтырдан бері тұрақты жұмыс істейді. Жалпы, осы жүйені енгізу жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға, жолаушылар ағымы мен тасымалдаушылардың табыстарының ашықтығын қамтамасыз етуге, тасымалдау процесінің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік берді.

Қыркүйек айынан Теміртау қаласында 7-18 жас аралығындағы балаларға тегін жүру құқығы берілді. Облыс әкімінің тапсырмасымен былтырғы мамыр айынан осындай жеңілдік облыс орталығындағы маршруттарда да енгізілді. Бірінші кезектегі бағыттардың бірі – азаматтық авиация саласын дамыту. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында туризмді дамыту мақсатында әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде, әсіресе, Балқаш қаласының әуежайын жаңғырту бойынша.

Қазіргі уақытта №2 үшу-жолға және әуежай перроны қайта жаңарту жұмыстары аяқталды (жобаның жалпы құны – 3,8 млрд теңге, 2024 жылға бөлінгені – 3,4 млрд теңге). Биыл қыркүйекте Балқаш әуежайының ғимаратын қайта жаңарту (жобаның жалпы құны – 3 млрд теңге, 2024 жылға бөлінгені – 913,6 млн теңге) және арнайы көлік қызметі ғимаратын салу (жобаның жалпы құны – 576,5 млн теңге) жобалары іске асырыла басталды. Бұл жобаларды жүзеге асыру әуежайдың өткізу қабілетін сағатына 60-тан 80 адамға дейін ұлғайтуға, жолаушыларға ыңғайлы жағдай жасауға, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және әуежай құрылыстарының сипаттамалары мен параметрлерін Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Ұсынған практикасына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әуежайдың әрі қарай жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, жұмыс істеп тұрған заңды тұлға

«Ақтоғай-абат» ЖШС қайта тіркеліп, жаңа кәсіпорын «Аэропорт Балқаш» ЖШС құрылды, оның 100%-ы мемлекетке тиесілі. Қазіргі уақытта кәсіпорынның қызмет түрлерін антимонопольлық органның келісу рәсімі жүргізілуде. Балқаш қаласының әуежайында жер үсті қызметтерін толыққанды көрсету үшін кезең-кезеңімен арнайы аэродромдық техниканы сатып алу мәселесі қарастырылуда, ол бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Келесі жылға қажетті алғашқы кезектегі арнайы техника (аэродромдық өрт сөндіру көлігі, аэродромдық тартқыш, жанармай құю машинасы, өздiгiнiн көтерiлетiн трап) сатып алуға 500 млн. теңге бөлінуі жоспарлануда.

«Сарыарқа» әуежайын дамыту бойынша шаралар қабылданып жатыр. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында әуежай хабтарын дамыту маңызы ерекше аталып өтіп, елдегі әуежайлардың жүк тасымалдау мүмкіндіктерін кеңейту үшін барлық жағдайды жасауға ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында биыл «Сарыарқа» әуежайында мультимодальды аэрохаб «CargoHUB Karaganda» құру мәселесі пысықталып жатыр. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары тиісті жол картасын бекітті. Жақында әуежайдың акционерлер құрамына ірі инвестор кіргенін атап өткен жөн. Оның негізгі мақсаты – әуежайды елдің ірі логистикалық аэрохабы ретінде дамытуға инвестициялар салу.

Жалпы, бұл жоба «Сарыарқа» әуежайында жаңа кәсіпорындар құру арқылы жүк тасымалын арттыруға бағытталған. Болашақта өңделетін жүк көлемі жылына 15 мың тоннадан 200 мың тоннаға дейін ұлғайтылады деп күтілуде. Осы арқылы 2030 жылға қарай шамамен 2 000 жаңа жұмыс орнын құру және салықтық түсімдерді арттыру жоспарлануда.

Қоғамдық көлік қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында Қарағанды қаласы бойынша шамамен 70 жаңа қалалық және қала маңы автобусын сатып алу жоспарлануда. Бұл автобустар 2011-2012 жылдары шыққан ескірген көлік құралдарын ауыстырады. Келесі жылы әуе көлігі инфрақұрылымын модернизациялау шаралары аяқталады. Атап айтқанда, Балқаш қаласының әуежайы ғимаратының қайта жөндеу және арнайы көлік қызметі ғимаратының құрылысы аяқталады. Сонымен қатар, келесі жылы Қарағанды қаласының әуежайын мультимодальды аэрохаб ретінде дамыту жұмыстары жалғасын табады.

**Мақсұт ҚОЖАНОВ,**  
**Қарағанды облыстық жолаушылар**  
**көлігі және автомобиль жолдары**  
**басқармасының басшысы**

• КЕЗДЕСУ

## Жастар жігерін жаныған жүздесу

Қарағандыдағы №45 мектеп-гимназиясында спортқа беімі жастардың қарасы қалып. Апта сайын оқушылар түрлі байқаулардан мектеп қоржынына жүде салып жүр. Одан бөлек, облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің жеңіл атлетикадан дәстүрлі түрде өткізетін эстафетасынан да бірнеше жыл қатарынан жеңісті қолдан бермей келеді. Бір сөзбен айтқанда, мектеп басшылығы баса басымдықты спортқа берген. Осы мақсатта мектеп қабырғасында Олимпиада чемпионы, «Вэл Баркер» кубогының иегері Серік Сәпиев оқушылармен кездесіп, спорт мансабы жайында айтып берді. Аталған шараны «Шахтёр» КМҚК арнайы ұйымдастырған.



**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Сөз басында аталған кәсіпорынның инспектор-әдіскері Қайыржан Тілеубергенев бастаманы биылдан қолға алғандығын сөз етті.

– Жастар – спортқа әуес. Түрлі додалардан топ жарып жүрген жастарымызға қарап көңіл марқайып қалады. Ал, осындай жастарға ерік-жігер беріп, намысын қайрау үшін аға буының ақылы керек-ақ. Осы мақсатта Серік Жұманғалиұлын арнайы шақыртып, жас спортшылармен кездесу өткізуді жөн көрдік. Арамызда отырған жастардан ертең Олимпиада чемпионы шықпайсына кім кепіл? Әрі Олимп шынын бағындырған өзіміздің жерлесіміз. Сол себепті жас спортшылар чемпионға қарап бой түзеп, бәрі мүмкін екендігін көрсін деген ниетпен арнайы шақырттық, – деді Қайыржан Қармұлы.

Кездесу барысында мектептің жас

спортшылары чемпионмен фотоға түсіп, естелікке қолтанбасын алды. Одан бөлек, көкейде жүрген алуан сұрақтарын жолдады. Тіпті, ақыл-кеңес те сұрады. Ал, чемпион болса, жас спортшыларға жаттығуды үзбеу керектігін баса айтты.

– Кейде қарсыласыннан жеңілгенде қолыңды бір сілтеп, спортты тастап кеткің келеді. Бірақ, жақындарың қолдау көрсеткенде бәрін ұмытып кетеді екенсің. Қолбағыңды қайта киіп, жаттығу залына қалай келгеніңді де білмей қаласың. Бастысы – тұрақтылық. Қателігіңнен жұмыс істеп, жаттығуды үзбей жасауың керек. Менің спортқа келуіме әке-шешем себепкер болды десем, артық айтқаным емес. Балалық шағмызда интернет, ұялы телефон болмады. Сонда әке-шешеміз: «Бос жүрмей жаттығу залына бар» деп мені залға әкелген. Қарсыласымнан жеңіліп, спорттан кетемін деп ойлап жүргенімде де әке-шешем қолдау көрсетті. Сол кісілердің

қолдауымен тұрақтылықты үйрендім. Ал, тұрақтылықтың жемісі – жеңіс, – деді Серік Жұманғалиұлы.

4-сынып оқушысы Дамир Ярулиннің бокспен айналысып жүргеніне төрт жылдан асқан. Сонымен қатар, тазқвондоны да қатар алып жүр. Жасы небары онда болса да, облыстық, республикалық турнирлерде үздіктер қатарында. Жас спортшы «Олимпиада чемпионымен кездесу өтеді» дегенді естіген соң өзінің бокс қолғабын қол қойдыруға алып келіпті. Бір ерекшелігі, бұл қолғапта әлемдік бокс жұлдыздары Майк Тайсон мен Костя Цзюдің, отандасымыз Геннадий Головкиннің және басқа да спорт саңлақтарының қолтанбасы бар.

– Мен көп жарысқа бардым. Медальдарым да көп. Әр турнирге барған сайын әкем қолғабыма белгілі боксшылардың қолын қойдырып береді. Енді «Серік ағамның қолын қойдырамын» деп күтіп жүрген едім. Сәті бүгін түсті. Бір арманым орындалды. Мен де Серік ағам секілді керемет боксшы болғым келеді, – деді жас спортшы.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Надежда Маханова болса, жастарды саламатты өмір салтына баулу үшін басымдықты спортқа бергенін баса айтты.

Мектептегі оқушылардың басым бөлігі спортпен айналысады. Әсіресе, бокс, жеке-жеке өнері және жеңіл атлетикамен айналысатындар көп. Әр апта сайын мектеп жиынында орын алып келген спортшыларымызды марапаттап тұрамыз. Оқушыларымыздың әр жетістігі – біз үшін зор мәртебе, – деді Надежда Анатольевна.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР

## Жарасбайдың тастүлегі

Талантты жастарды қолдау – ел тағдырын ойлаған елдің ісі. Жалпы, қазақ халқы өнерлі өрендерге кенде емес. Өнердің сан түрі бар, бірақ, ақындық ол Алланың берген сыйы. Арқа төсінен де ақындардың ізін басып, поэзия дейтін әлемге қанат қағып келе жатқан жас ақындар жетерлік. Сондай дара дарынның бірі – шалғай жатқан ауылдан шығып, шартарапқа жырдың шашуын, шаршы тонға сөз бастап жүрген Аярыс Қапшы.



Әке тәлімі ұл үшін орны бөлек десек, Қапшы аға да өнерден құр алақан емес, бірнеше аспапты меңгерген, өз ортасында әу деп әулететіні де бар. Кішкентай кезінен бала көңілден шыққан балаң жырларын қойын доптеріне түртіп жүретін Аярыстың айтысқа аттаған алғашқы қадамын сол кездегі ұстазы Динжан Гайнидің ұлы байқап, алға жетелеп, аламанға қосқан болатын.

Жыр алыбы Жамбыл атаға арналған айтыста басталған алғашқы адым, республикалық кезеңге дейін жол бастаған болатын. Биыл да сол сара жолды жалғап, жас дарындылар қолдау, ұлттық өнерді ұлықтау мақсатындағы байқауда Аярыс Дарабоз дара шауып, І орын иеленіп, облыстық ақындар айтысына жолдамаға ие болды. Қарағанды қаласында мектеп оқушылары арасында республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңіне қатысты. Алты номинациядан тұратын долада жүзден астам өрен бақ сынасты.

Аярыс айтыста І орын иеленіп, байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды.

XIV «Ақберен» шығармашылық оқушылар арасындағы өнер байқауының республикалық кезеңі Астана төрінде өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар жүз жиырмадан астам өнерлі жас өрендер алты түрлі номинация бойынша өз өнерлерін паш етті. Солардың ішінде Аярыс арнайы сертификатпен марапатталды. Бұл жоба тек ғана өнерге баулып қоймай, балаға рухани орта қалыптастырып, байтақ елдің бұрыш-бұрышынан дос табуға ықпал етті. Тек айтыс емес, түрлі байқауларда бақ сынап, талай жерде қанжығасы майланып жүрген Аярыс Жарасбай ауылының ғана емес, бүтін нұрлы Нұраның мақтанышы.

**Балнұр АЙТЖАНОВА,**  
**Жарасбай жалпы**  
**білім беретін мектебінің қазақ тілі**  
**мен әдебиеті пәні мұғалімі**  
**Нұра ауданы**

• Өңірлерді дамыту

## «Шахтерге» тегін кіреді

Бұриағы күні Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Дархан Омаров «Шахтер» демалыс үйіне барып, оның басшылығымен кездесті. Кездесу барысында спорттық-сауықтыру кешенінің жұмыс тәртібіне қатысты бірқатар мәселелер талқыланып, екі жаққа да тиімді ортақ келісім жасалды. Осы келісімге сай, аудан тұрғындары ендігі жерде «Шахтер» демалыс үйіне тегін кіретін болды.



Сурет ашық деректен

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Яғни, спорттық-сауықтыру кешен аумағына кірем деушілер ешқандай төлемақы төлемейді. Тек мініп келген көліктерін арнайы автотұраққа қоюы керек. Өздігінен жүріп-тұра алмайтын, қимыл-қозғалысы қиын адамдар мен қарияларға көлікпен ішкі аулаға кіруге рұқсат беріледі. «Шахтер» – Қарқаралы өңіріндегі ертеден жұмыс істеп келе жатқан іргелі спорттық-сауықтыру орны. Бірақ, оған аудан тұрғындарының кіруі күрделі мәселе болып келген еді. Өйткені, әңгіме болып отырған кешенді иелігіне алған Қарағанды металлургия комбинатының бұрынғы инвесторы жергілікті тұрғындар мұнда аяқ баса қалса, ақы талап ететін еді. Спорттық-сауықтыру кешенінің бассейні бұрынғысынан ақылы қызмет көрсете береді. Бағасы – сағатына 1500 теңге. Бір сағатта жиырма адамға дейін қабылдайды. Бассейн демалушы адамдарға толық болса,

сырттан барғандар жалпы кезекке тұрады. Кездесу барысында спорттық-сауықтыру кешенінің кәріз жүйесіне қатысты әңгіме өрбиді. Қазір «Шахтердің» кәріз жүйелері талапқа сай жұмыс істеп тұр. Осыдан бес жыл бұрын Самал көлінің жағасындағы жолдың екінші жақ бетімен жаңа құбыр тартылған болатын. Кәріз сулары арнайы тазалау құрылымында тиісті тазартудан өтеді. Сөйтіп, лас сулардың көлге құйылып кетпеуіне барлық мүмкіндік жасалған. Кездесу барысында спорттық-сауықтыру кешенінің басшылығы мен аудандық атқарушы билік өкілдері жоғарыдағы мәселелерді тиянақтап, қала тұрғындары мен қонақтары үшін жағымды шешімге келді. «Шахтер» демалыс үйінің жергілікті халыққа есігін аяқара ашуы – биылғы жылдың игілікті бастамаларының бірі.

Қарқаралы ауданы

• КӘСІБІН-НӘСІБІН

## Тұрғындарға тарту

Шет ауданына қарасты Акадыр кентінде «DÄULET» supermarketі ашылды. Тұтынушыларына есігін аяқара ашқан сауда нысанының жалпы аумағы 1 800 шаршы метрді құрайды. Соңғы үлгіде салынған сәулетті құрылыс аудан көлемінде ең ірі сауда орнына айналып отыр.

Нұрдос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмысын Жаңа жылдың басынан бастаған супермаркеттің ашылуына Шет ауданы әкімінің орынбасары Орал Стыбаев қатысты. Аудан әкімінің орынбасары өз сөзінде аудан жастарына осындай еңбеккер кәсіпкерден үлгі алу керектігін айтты. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Әмір Кәріпұлы бастаған қариялар құттықтауын жеткізді. Республикалық «Алтын домбыра» иегері, ақын Мақсат Ақанов мерекелік шараға жырдан шашу шашты. Ерлі-зайыпты Мұрат және Алмаш Қайранбековтердің айтуынша, кәсіптерін өткен ғасырдың тоқсаншы жылдары бастаған.



Бас кезінде ашық саладағы базарда ұсақ-түйек сатумен айналысып, кейін пәтер сатып алып оны азықтүлік дүкеніне бейімдеген. Уақыт өте, «Серік» тойханасын, супермаркетін, «Вояж» атты сән салонын салған. Үлкен ғимаратты меншікке алып, «Сұңғат» сау-

да орнын ашуда. Бұрынғы дүкені көкөніс пен жеміс-жидек сатуда. Айта кетейік, жаңа нысанға 500 миллион теңге инвестиция құйылған. Осыдан үш жыл бұрын мемлекет тарапынан жер алып, құрылысты бастаған еді. Супермаркет тұтынушыларына

азықтүлік, көкөніс пен жеміс-жидек, тұрмыстық және жуғыш заттар ұсынатын болады. Мұнда тұрғындарға 30-ға тарта адам қызмет көрсетеді деп күтілуде. Шет ауданы Суретті түсірген Қалижан БЕКҚОЖА

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Кішкентай оқырмандармен кездесті

Өлкемізде елге адал қызмет етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлеріміздің шығармаларын насихаттау олардың өнегелі өмір жолдарын ардақтау секілді игі шараларға оқырмандарды көптеп тарту арқылы жүзеге асады.

Мектебімізде «Қазақи құндылықтар мен заманауи өмірді тоғыстырған шығармашылық әлем» тақырыбында балалар әдебиетіне үлес қосып жүрген қаламгер, «Чипсы мен шибатурысақ» кітабының авторы Жұпар Жақанмен кездесу кеші өтті. Кездесуе 5, 6 сынып оқушылары мен бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Шара 6 сынып оқушысы Жайна Сәтқызының орындауындағы «Сәлем, саған туған ел!» атты

өнімен басталды. Кеш барысында Жұпар Рысқұлқызы өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, сөз өнерінің қыр-сырын түсіндіріп, шынайы жазушы болудың қаншалықты маңызды екенін жеткізді. Оқушылар тарапынан әр алуан сұрақтар қойылды. Жазуға қалай келгендігі, жинақтың атауы нелікпен «Чипсы мен шибатурысақ» аталғанын, мысал-әңгіме жазуға не түрткі болғандығы, жазушыға тақырып қайдан келетіні жайлы



қызықты сұрақтар қойылды. Кеш қонақтары Жұпар Рысқұлқызының тұрақты оқырмандары Зүлфия мен Қарағөз ханымдар сөз алып, жүрекжарды лебіздерін айтып, оқушыларды осындай қызықты, ұлттық құндылықтарға бай кітаптарды

оқуға шақырды. Кездесу кеші «Аяла» би тобының әдемі биімен аяқталды. Мәлідрі ШАЛАБАЕВА, Ә.Бөкейхан атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі ҚАРАҒАНДЫ

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Қытайды қайран қалдырды

Жерлесіміз Бұқар жырау ауданы Ботақара ауылында тұратын қобызшы Шахназе Ильясова Қытайдың Санья қаласында өткен «Жасыл айдаһар» байқау-фестивалінің жеңімпазы атанып, Арқа жұртының мерейін тасытты. Шахназе Батырхан Шөкеновтің «Отан Ана» композициясын өз интерпретациясымен шебер орындады.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауқымды байқауға қатысушылар ұлттық аспаптарда ойнау, вокал, хореография, хор, театр шеберлігі, дизайнерлік іс және бейнеу өнері сынды бірнеше аталым бойынша өнерлерін паш етті. Шахназе Ильясова «Ұлттық аспаптарда ойнау» номинациясында нағыз шебер қобызшы (прима-кобыз) екенін танытып, бірінші орын алды. – Өнер байқауында жеке өнер көрсеттім. Батырхан Шөкеновтің «Отан Ана» композициясы – жаньма жақын. Түпнұсқадан өзгеше орындап шықтым. Осы жеңістің арқасында «Жасыл айдаһар» фестивалін ұйымдастырушылар өткізетін кез келген халықаралық байқауға тегін қатысу құқығын жеңіп алдым. Мәселен, олар алдағы уақытта Испания мен Венгрияда байқау-фестиваль өткізеді. Олар-



дың қайсысына баратынымды әлі шешкен жоқпын, – деп атап өтті Шахназе Ильясова. Жеңімпаз қобызшы Ботақарадағы «Руханият» қосымша білім беру орталығында жас буынға қобыз үйретіп жүр. Шахназениң жетекшілігімен оннан астам бала ұлттық аспапты меңгеріп жатыр. Бұл – Шахназениң жалғыз жеңісі емес. Атап айтсақ, ол былтыр Golden Time Talent халық-

аралық онлайн байқауында бірінші орынды иеленген. Одан бөлек, таланттар конфедерациясының гауһар одақтастарының тізіміне енді. Сонымен қатар, оның есебінде облыстық және республикалық байқаулардағы көптеген жеңіс бар екенін атап өткен жөн.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бұқар жырау ауданы

• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

## Қандастарды қолдау – міндет

Біз – қазақ кенпейлді, жомарт халықпыз. Ол – ертеден ата-бабаларымыздан қалған қазақтың қанына сіңген қасиет. Ұлан-байтақ жеріміз бар, аруақ қолдаған бабаларымыз бар екені тарихтан белгілі. Ал, қандастарымыз қайда?

Мысалы, көрші Ресейде 2 миллионға жуық қазақ ұлты тұрады екен. Қытайда да сонша халық тұрады. Бір кездері тағдырдың тәлкегімен атақонысын тастап кеткен шашыраңқы қазақ ұлты көрші мемлекеттерде жетерлік. Ашаршылық жылдары қазақ жерінде 6 миллиондай қазақ ұлты болса, соның жартысынан астамы сол ашаршылықта қырылды. Аштықтың құрбаны болғанын Кремльден табылған құпия архив құжаттары растайды. Қырылған халықтан қалған ел жан сауғалап, манайдағы көрші елдерге барып, пана тапқан. Сол заманнан бастап, Кеңес дәуірінен бері Тәуелсіз мемлекетімізді қоса санағанда 90 жыл өтіп кеткен екен. Заман өзгерді, тәуелсіз ел болдық. Алдыңғы қатарлы 30 елдің ішіндеміз. XXI ғасырға сай экономикасы да-

мыған, білім, мәдениет, өндірісі, ауыл шаруашылығы, спорт жағынан да алдыңғы қатардағы елміз. Осы орайда шетелдегі тағдыр тәлкегімен шетел асып кеткен қандастарымызға жағдай жасап, туған Отанына қайтар-масқа? Қазақ елінің тұрмыс жағдайы жақсы. Болашағы зор. Қазіргі таңда бейбіт елде өмір сүріп жатқандарға көз алартушылар жетерлік. Жерімізді қорғау – әрбір қазақ ұлтының міндеті. Осыншама байтақ жерімізде 20 миллиондай халық тұрады. Бұл сан жағынан келгенде аз. Осыншама аумаққа шетелден келген қандастарымыздың өзінің тарихи Отанына қоныстандырса, нұр үстіне нұр. Сіздер не айтасыздар? Мұрат ЖАНЫСБАЕВ, зейнеткер ҚАРАҒАНДЫ

Электрондық пошта:  
ortalyk.kaz  
@mail.ru

**Қарағанды Шыныс сервис** ШИНАЛАР  
ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН • ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІҮШІН • ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН •  
**XBRI IUNK**  
Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
8 707 80 35 800 @ shynservice

Қол жазбалар және құжаттардың суреті.

